

Бекітемін
Мектеп директоры:
 Л. Нурымбетова



7-11 сыныпқа арналған тәрбие жоспары

2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жоспары

Педагог

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Тобы/сыныбы__

(топтың/сыныбын атауын көрсету)

Тәрбие жұмысының бағыттары бойынша іс-шаралар жоспары

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
I. Тәрбиені нормативтік құқықтық қамтамасыз ету				
1	ҚР Ата заңы	Ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
2	ҚР Білім туралы заңы	Ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
3	«Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы	Ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
4	«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы	Ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
5	«Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы	Ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
6	«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» заңы	Ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
7	2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы	Ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
8	«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы	Ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
II. Ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету				
1	Рухани жаңғыру бағдарламасы Мәңгілік Ел бағдарламасы	ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
2	ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 бағдарламасы	ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
3	2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хат	ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
III. Іске асыру тетіктері: тәрбиенің басым бағыттары бойынша іс-шаралар				
1. Бағыты: жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие Мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру. Міндеттері: Отанға, мемлекеттік құрылысқа, мемлекеттік саясатқа, мемлекеттік идеологияға; ҚР Конституциясы мен заңнамасына, мемлекеттік рәміздерге (елтаңба, әнұран, ту), құқықтық тәртіпке; 11 елдегі ұлтаралық және конфессияаралық келісімге, халықтар достығына; өз елінің экономикалық және әлеуметтік-мәдени даму саласындағы жетістіктеріне; басқа адамның құндылықтарына, құқықтары мен бостандығына; өз өлкесінің (ауыл, қала, шағын аудан) табиғатына, мәдени-тарихи өміріне;				

құқықтық білімге және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқына;
заң талаптарына, құқықтары мен міндеттеріне; әлеуметтік құндылықтарға құрметпен қарау, мақтаныш
сезімін және жауапкершілік таныту.

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1.	«Қазақстан –ортақ үйіміз»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	+
2.	«Желтоқсан алауы- Тәуелсіздік бастауы»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	+
3	«Сыбайлас жемқорлық деген не?»	пікірталас	Сынып жетекші Сынып оқушылары	+

2. Бағыты: рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани- адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

Міндеттері:

мораль мен этиканың көпшілік мақұлдаған нормаларына; өзінің қасиетіне, арына және парызына; ішкі бостандығына және адамгершілік шешім қабылдауына;
өзінің және өзге де халықтардың мәдениетіне, дәстүріне, әдет ғұрпына; 12 діни құндылықтарға; ой, сөз және іс бірлігіне; өзінің мінез-құлқын жетілдіруге; ар-ұжданымен орындалған қылықтарға; түрлі мәдениет пен нанымның бірлігіне; адамдарға риясыз қызмет етуіне; өз ата-анасы, Отан, қоғам алдындағы парызына адамгершілік сезім білдіру.

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
4	«Ұстазым, менің ұстазым»	бейнеқұттықтау	Сынып жетекші Сынып оқушылары	+
5	«Адал өмір сүру абзал қасиет»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	+
6	«Адам болам десеңіз...»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	+
7	«Ана тіршілік бастауы»	бейнеқұттықтау	Сынып жетекші Сынып оқушылары	+
8	«Имандылық тәрбие негізі»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	+

3. Бағыты: ұлттық тәрбие

Мақсаты: Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау.

Міндеттері:

этникалық өзіндік санаға, этникалық сәйкестікке; мемлекеттік тілді және ана тілін меңгеруіне; өз халқының мәдени мұрасына;
қазақ халқының және өз халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрпына;
Қазақстанның этномәдениетіне; этносаралық бейбітшілік пен келісімге мақтаныш сезім және жауапкершілік таныту.

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
---	------------------------	---------------	------------	-----------------

9	«Наурыз мерекесі»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	
10	«Кекшіл болма көпшіл бол»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	
11	«Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы»	Тәрбие сағаты	Сынып жетекші	
12	«М.Әуезовтың 125 жылдығы»	Сынып сағаты	Сынып оқушылары	
13	«Қазыбек бидің 355 жылдығы»		Сынып жетекші	

4. Бағыты: Отбасылық тәрбие Мақсаты: Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық- педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру. Міндеттері: этноәлеуметтік рөлдерге; өз отбасына және ұрпақ жалғастыруға; адамгершілік қағидаларын қолдау арқылы отбасы және неке құндылықтарына құрметпен, ұқыпты қарау				
--	--	--	--	--

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
14	«Тәрбиенің ең тамаша мектебі отбасы»	Дөңгелек үстел	Сынып жетекші Сынып оқушылары	
15	«Оқушы өміріндегі отбасының рөлі»	Дөңгелек үстел	Сынып жетекші Сынып оқушылары	
16	«Отбасы – тәрбие бастауы»	Сынып сағаты	Сынып оқушылары, мектеп медбикесі	

5. Бағыты: Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие Мақсаты: Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту Міндеттері:. мемлекеттің экологиялық даму саласы бойынша саясатына, атап айтқанда «Жасыл экономика» бағдарламасына; экологиялық сауаттылыққа, табиғатқа, қоршаған адамдарға және өзіне; «адам-қоғам-табиғат» жүйесіне; табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласындағы әр түрлі қызметке; кәсіби білім мен өнімді еңбекке; нарықтық экономика заңдарына құнтты және позитивті көзқарас қалыптастыру; экологиялық қауіпсіздік тәртібінің нормаларын сақтауға; еңбек қызметінде мақсатқа қол жеткізуге; мамандық таңдауына; үздіксіз білім негізінде кәсіби жинақылыққа саналы қатынас таныту.				
--	--	--	--	--

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
17	«Мамандылыққа бейімділікті анықтау»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	+
18	«Табиғат қалай сенің жағдайың»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	+
19	«Мамандық тандап үлгердіңізбе?»	Дөңгелек үстел	Сынып жетекші Сынып оқушылары.	+
20	«Экологияны ластамаңыз, жас жеткіншек!»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	+

6. Бағыты: Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу Мақсаты: Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру. Міндеттері: өмір бойы білім алуына; өздігімен білім алуы және алған ақпаратты пайдалану біліктілігіне; сыни тұрғыдан ойлау, талдау және алған ақпаратты тиімді пайдалану қабілетіне; зерттеушілік және жобалық қызмет біліктерін, инновацияға қабілеттілікті меңгеруіне; пікірталас жүргізу дағдыларына; жасампаз қызметке; топтағы жұмысқа, корпоративтік рухты нығайтуға; ақпарат көздерін сыни іріктеуге; Интернет-қауымдастығына қосылу дәрежесіне; Интернеттегі девиантты мінез-құлыққа қарсылық білдіру; Интернет-сауаттылық қалыптастыруға; ақпараттық қызметте және байланыс жасауда этикалық нормаларға; жоғары ақпараттық мәдениет қалыптастыруға ұмтылу және қызығушылық білдіру.				
№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
21	«Дін және мәдениет»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	
22	«Ғаламтордың зияны пен пайдасы»	пікірталас	Сынып оқушылары	
23	«Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ»	Эссе	Сынып жетекші Сынып оқушылары	
24	«Жемқорлыққа жол жоқ»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	
7. Бағыты: көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие Мақсаты: тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру. Міндеттері: толеранттық және ғаламдық пікірге; көпмәдениеттілік және көптілділікке; мемлекеттік тілді, орыс, ағылшын және өзге тілдерді білу; мәдениетаралық әрекетке; қоғамда және қоғамдық орындардағы жалпыға ортақ мінез-құлық нормаларына; қарым-қатынас мәдениетіне; эстетикалық мұраттарға, көркемөнер құндылықтарына; шығармашылықпен ойлауға және қиялға, шығармашылық-эстетикалық қызметті қалыптастыруға қызығушылық, ұмтылыс таныту				
№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
25	«Сабыр түбі сары алтын»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	
26	«Әдептілік әдемілік»	тренинг	Сынып жетекші Сынып оқушылары	
27	«Ақын болу міндет емес, адам болу міндет»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	
28	«Роза Бағланованың 100 жылдығы»	Танымдық сабақ	Тарих пәні мұғалімі	
29	«Ғарышкерлер күні» Талғат Бигелденовтың 100 жылдығы»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	

8. Бағыты: дене тәрбиесі, салауатты өмір салты
 Мақсаты: Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.
 Міндеттері: денсаулық жағдайының скринингіне; әлеуметтік мақсаттар мен рухани қажеттіліктерге; теріс ықпалдарға қарсы тұрудың тиімді тәсілдерін меңгеруге; табиғи қабілеттерді орынды пайдалануға; денсаулық сақтауға және нығайтуға, қауіпсіз және жауапты мінез- құлыққа; өмірдегі жаңа жағдайларға сабырлылыққа; қауіпсіздік және өмір сүру әрекетін қамтамасыз етуге; денсаулық сақтау ортасын құруға тілегі және даярлық білдіру.

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
30	«Дені сау адам табиғаттың ең үлкен жемісі»	Медбике кеңесі	Сынып жетекші Сынып оқушылары	
31	«Фасфудтың зияны»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	
32	“Бала құқығы»	Дөңгелек үстел	Сынып жетекші Сынып оқушылары	
33	«Құқық бұзушылықтың алдын алу»	Дөңгелек үстел	Сынып жетекші Сынып оқушылары	
34	«СПИД ғасыр дерті»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	

2022-2023 оқу жылында
сынып сағаттарын өткізу тақырыптары
10-11 сыныптар үшін

№	Сынып сағаттар тақырыбы	Мерзімі
	БІЛІМ КҮНІ Тәуелсіздік жетістіктері	1 қыркүйек Білім күні
1	«Абайлаңыз балалар!»	
2	«Мектептегі мінез-құлық ережелері» (Мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстыру)	
3	«Мен және менің отбасым»	
4	1қазан - Қарттар күні	
5	Ұстаздар күні	
6	11 қазан –Халықаралық қыздар күні «Қыздарға әсемдік жарасады»	
7	Салауатты өмір салты түсінігі. Тазалық және дұрыс жүру, отыру ережелері	
8	Қылмыссыз балалық шақ	
9	Зиянды әдеттерден сақ болайық	
10	Мәдени этикет. Телефонмен сөйлесу, сәлемдесу, достық жылы қарым- қатынас тілі	
11	1 желтоқсан – Дүниежүзілік ЖИТС-ке қарсы күрес күні	
12	1 желтоқсан Тұңғыш Президент күні	
13	Үлкенге-құрмет, кішіге ізет. «Кішіпейілділікке тәрбиелеу»	
14	Менің Қазақстаным /Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл/	
15	Ұялы телефонның пайдасы мен зияны.	

16	Жаңа жылдық мерекелік шырша	
17	«Қоғамдық тәртіп негіздері»	
18	«Экстремизм мен терроризмге жол жоқ!»	
19	«Өкеге-ізет, анаға – құрмет»	
20	«Дұрыс тамақтану-болашақ ұлт денсаулығын сақтау»	
21	Құқық әділет пен парасат жолы	
22	«Кітап –ақылына ақы сұрамайтын алтын қазына»	
23	Адамгершілік-рухани тәрбиенің маңызы	
24	1 наурыз Алғыс айту күні	
25	8 наурыз Халықаралық Әйелдер мерекеміне орай	
26	22 Наурыз Ұлыстың ұлы күні	
27	«Іскерлік қарым-қатынас этикасы»	
28	«Адалдық жүрген жерде, адамдық жүреді»	
29	Құқықтық оқыту. Жасөспірім неге құқық бұзады?	
30	1 Мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні	
31	7 мамыр Отан қорғаушылар күні	
32	9 мамыр Жеңіс күні	
33	15 мамыр Халықаралық отбасы күні	
34	Жазғы демалыс-2023 Қауіпсіз жаз	

Бекітілді _____

Тәрбие сағаты бойынша қысқа мерзімді жоспар

Тәрбие сағаты	«Қазақстан ортақ үйіміз»	
Күні		
Класс жетекші:		
Класс:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы: Эпиграфтар (тақырып мазмұнын ашатын)	«Менің отаным Қазақстан»	
Сабақтың мақсаты:		
Құндылықтарды дарыту		
Ресімдеу	Слайд,презентация	
Музыкалық және бейне көркемдеу	интерактивті тақта, слайд	
Үлестірмелі материалдар	мақал – мәтелдер жазылған плакаттар	
Тақырыптық көрмелер мен ақпараттық стендтер	Презентация	
Дайындыққа арналған әдебиет	Интернет материалдары	
Сабақтың барысы		

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар Сабақтың техникалық құрал- жабдықтары
Ұйымдастыру кезеңі (7 мин)	Жас ұрпақты Отанын сүйуге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, бай - қуатты ел екендігін мақтан етуге үйретіп, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттырып, махаббат сезімін ояту; Дамытушылық: Отанын, туған жерін қорғай білуге, халқымыздың талантты ақындарының өлеңдері мен ата - бабаларымыздың өнгеге етіп қалдырған даналық сөздері арқылы оқушыларды ұлтжандылыққа, атамекенін көздің қарашығындай сақтай білуге, патриоттық сезімге тәрбиелеу;	Оқушылар мұғаліммен амандасады, түгенделеді, мектеп партасындағы қатарлары бойынша орындар ына отырады.	Компьютер

Сабақ басы (13 мин)	Біздің Отанымыз-Қазақстан. Мемлекетіміз тәуелсіздік алғалы Қазақстан Республикасының жетістіктері өсуде. Осынау жылдарда елдігімізді танытып, еңсемізді көтерген қаншама ұлы оқигалар бар. Қазақстан Республикасы 1991 жылы 16 желтоқсанда өзінің тәуелсіздігін жариялап, дербес мемлекет болды.		презентация
Ортасы (20 мин)	Видео «Қазақстан XVI-XVII ғасырда»	Тәуелсіздік – бақытың тұрған күліп, Ойың еркін, бүгінгі тұлғаң биік. Тәуелсіздік – көктегі шуақты күн, Әр жүректі қуантып, нұрландырып. Тәуелсіздік – бүгінгі туым менің, Туым үшін ешкімге иілмедім. Тәуелсіздік сан жылдар аттан түспей, Айқас, шайқас, мың өліп, тірілгенім.	презентация
Соңы	1992 жыл – Тәуелсіз Қазақстанға 1 жыл толды. Осы жылды Тәуелсіз Қазақстан Республикасының Туы, Елтаңбасы, Әнұраны қабылданды. Біріккен ұлттар ұйымына мүше болып кірді. -1993 жыл – 15 қараша «Ұлттық валюта» күні деп аталып, алғашқы Қазақстан Республикасының теңгесі айналымға түсті. Оған атақты тұлғалар суреті басылып шықты. 2006 жылы 15 қарашада теңгеміз жаңа басылыммен қайта шықты. - 1994 жыл – мемлекетіміздің тұңғыш ордендері мен медальдары дүниеге келді. Талғат Мұсабаев Союз-ТМ 6 ғарыш кемесімен көкке самғады. -1995 жыл – 30 тамызда Қазақстан Республикасының «Ата Заңы» қабылданды.		презентация

Тәрбие сағаты бойынша қысқа мерзімді жоспар

Тәрбие сағаты	«Желтоқсан алауы-Тәуелсіздік бастауы»	
Күні		
Класс жетекші:		
Класс:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы: Эпиграфтар (тақырып мазмұнын ашатын)		
Сабақтың мақсаты:	Оқушыларды отаншылдыққа, ұлтжандылыққа, туған жеріне, атамекеніне деген сүйіспеншіліктерін арттыруға дұрыс бағыт-бағдар беру, өз елінің тарихын сыйлауға үйрету, оқушыларды патриоттық рухта тәрбиелеу.	
Құндылықтарды дарыту	Оқушылардың ой-өрісін дамыту, сөздік қорларын молайту, шығармашылық танымдық қабілеттерін арттыру	
Ресімдеу	Слайд,презентация	
Музыкалық және бейне көркемдеу	интерактивті тақта, слайд	
Үлестірмелі материалдар	мақал – мәтелдер жазылған плакаттар	
Тақырыптық көрмелер мен ақпараттық стендтер	Презентация	
Дайындыққа арналған әдебиет	Интернет материалдары	
Сабақтың барысы		

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар Сабақтың техникалық құрал-жабдықтары
Ұйымдастыру кезеңі (7 мин)	Туған халқымыз тәуелсіздік алды. Тарихымыздың беттеріне 1991 жыл алтын әріптермен жазылды. Бостандыққа парламенттік жолмен жеттік. Бұның саны аз халық үшін тиімді екеніне көзіміз жетті, көңіліміз жетті. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі» туралы заң Жоғары Кеңес сессиясында көпшілік дауыспен бекітілді.	Оқушылар мұғаліммен амандасады,түгенделеді, мектеп партасындағы қатарлары бойынша орындарына отырады.	Компьютер

Сабақ басы (13 мин)	Тарихқа көз жүгіртсек, қазақ – нағыз батыр халық екенін мойындайсың. Жүгі нарда, қазаны теңде болып, көшіп, қонып өмір сүрген ата-бабаларымыз үш нәрсені бойтұмардай сақтап қадірлеген. Ол ел мен жер және ана тілі. Қандай халық болмасын осы үшеуінсіз егемен ел екенін дәлелдей алмайсың. Ал енді біз халқымыздың сан ғасырлар күресіп армандап жеткен Тәуелсіздік жолын жырлайық.	«Тәуелсіздік жетістіктерін айтады	презентация 
Ортасы (20 мин)	1986-шы жылдың желтоқсан оқиғасы болды. Бұл оқиға Алматы жастарының ереуілі болды. Жастар ел басшысы Қазақ ұлтынан болуды талап етті. Жас өмірін тәуелсіздік үшін өмірін қиып кеткен аға-апаларымыз: Л. Асанова, Қ. Рысқұлбеков, Е. Сыпатаев т.б. жазықсыз сотталып қыршын өлді. Арада бес жыл өткенде қыршын өлген жастарға Алаңында ескерткіш орнатты. Енді 1991-ші жылы Қазақ елінде тәуелсіздік таңы атты. Қазақ елі егемен ел болды. Бұл күн талай-талай қилы заманды басынан кешіріп келген Қазақ халқы үшін ақ жарылқаған күн еді.	Топпен жұмыс Болашағымыз Тарихымыз Бүгініміз Алдарына мәлімет және ұялы телефондары беріледі. Мәлімет бойынша және ұялы телефон арқылы өздері ассоциация және мағлұматтарды алады. Ізденістік жұмыс жасайды.	презентация
Соңы	Көк байрақ иілесін, жығылмасын, Көзге жас, кеудеге өксік тығылмасын. Тұрғанда көкішіл туың көкті тіреп, Қазағым, сен қашанда тұғырдасың!	Оқушылар ізденген жұмыстарын топпен қорғайды	презентация

Бекітілді _____

Тәрбие сағаты бойынша қысқа мерзімді жоспар

Тәрбие сағаты	«Сыбайлас жемқорлық деген не»	
Күні		
Класс жетекші:		
Класс:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы: Эпиграфтар (тақырып мазмұнын ашатын)	«Жемқорлыққа жол жоқ»	
Сабақтың мақсаты:	“Сыбайлас - жемқорлық” деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру. Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту.	
Құндылықтарды дарыту	Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу.	
Ресімдеу	Слайд,презентация	
Музыкалық және бейне көркемдеу	интерактивті тақта, слайд	
Үлестірмелі материалдар	мақал – мәтелдер жазылған плакаттар	
Тақырыптық көрмелер мен ақпараттық стендтер	Презентация	
Дайындыққа арналған әдебиет	Интернет материалдары	
Сабақтың барысы		

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар Сабақтың техникалық құрал-жабдықтары
Ұйымдастыру кезеңі (7 мин)	- Сыбайлас - жемқорлық деген не? (оқушылардың пікірлері тыңдалады) 2. Ойын – Орындық Шарты: 5 - бала, 4 - орындық. Музыка тоқтағанда орындық жетпеген бала ойынан шығады. Алдын ала 1 - баланы даярлап қоям, Ол балаға орын жетпей қалады, бірақ ойынан шыққысы келмейтінін айтып, ақша ұсынады 100 теңге. Ойын жүргізуші, 100 теңге аз 200 теңге дейді. Сөйтіп осы ойынның соңыны жеңіске жетеді. Мұғалім:- Ойын ұнады ма ? - Неліктен ұнамады? - Ойын кезінде өздеріңді қалай сезіндіңдер? - Неге бұл оқушы ойында қалды? - Ол не істеді? 3. Мұғалім: Сыбайлас - жемқорлық деген не? “Сыбайлас - жемқорлық” деген “параға сатып алу”, “пара” ретінде, "corruptio" деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай - ақ	Оқушылар мұғаліммен амандасады, түгенделеді, мектеп партасындағы қатарлары бойынша орындарына отырады.	Компьютер

	<i>"corrumpere" түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда “сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу” деген түсінік берген де, құқыққа қарсы іс - әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас - жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды.</i>		
<i>Сабақ басы (13 мин)</i>	<i>ҚР “Сыбайлас - жемқорлықпен күрес туралы” Заңы сыбайлас - жемқорлыққа келесідей анықтама береді. Ол: “... мемлекеттік міндеттерді орындайтын адамдар, сондай - ақ соларға теңелген адамдар, өздерінің лауазымды құзыреттерін және онымен байланысты мүмкіншілікті немесе өз құзыреттерін басқаша пайдаланып мүлктік пайда алу үшін заңмен қарастырылмаған мүлктік жайлылықты және артықшылықты қабылдау, сондай - ақ жеке және заңды тұлғалармен аталмыш жайлылықты және артықшылықты оларға заңсыз беруге осы адамдарды парамен сатып алу”.</i>	<i>Оқушылардың пікірлері тыңдалады</i>	<i>презентация</i>
<i>Ортасы (20 мин)</i>	<i>Адамгершілік, әділеттілік туралы мақал - мәтелдер. 1. Адамгершілік болмай, Әділдік болмас. 2. Адамның ұяты бетінде, Адамгершілігі ниетінде. 3. Адамгершілікке арналған үш сауал бар: Шөлге құдық қазған бір сауап, Өзенге көпір салған бір сауап, Жолға ағаш еккен бір сауап. 4. Адалдық — ардың ісі. 5. ШЫНДЫҚ ЖОҚ ЖЕРДЕ СҰМДЫҚ КӨП. 6. Адамның әдемілігі шыншылдығында. 7. Ақиқат сөзде алалық жоқ. 8. Әділ айтқан жеңер. 9. Әділдікке жығылмайтын адам жоқ. 10. Әкімнің әділ болмаса жұрт бұзылады, Саудаң әділ болмаса нарық бұзылады.</i>	<i>Сыбайлас - жемқорлықты қала жоюға болады? 1. Пара бермеу және алмау. 2. Мақсаты нәтижелерге жету үшін, өз мүмкіншілігіңмен жетуге тырыс. 3. Парақорлықты көрсеңіз жергілікті органдарға және ақпарат көздеріне хабар беріңіздер.</i>	<i>презентация</i>
<i>Соңы</i>	<i>Сабақты қорытындылау: Құрметті оқушылар әрқашанда адамдық жақсы қасиеттерді сақтап, мақсаты нәтижелерге жету үшін, өз мүмкіншіліктеріңмен жетуге тырысыңдар.</i>		

Бекітілді _____

Тәрбие сағаты бойынша қысқа мерзімді жоспар

Тәрбие сағаты	«Адал өмір сүру абзал қасиет»	
Күні		
Класс жетекші:		
Класс:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы: Эпиграфтар (тақырып мазмұнын ашатын)	«Адалдық қасиет»	
Сабақтың мақсаты:	оқушылардың бойына рухани адамгершілік қасиеттерді ұялату үшін	

	<i>мейірбан,ақылды,шынышыл,қайырымды адамдық асыл қасиеттерді игеруге ықпал ету.</i>
Құндылықтарды дарыту	<i>Иамандылыққа баулу</i>
Ресімдеу	<i>Слайд,презентация</i>
Музыкалық және бейне көркемдеу	<i>интерактивті тақта, слайд</i>
Үлестірмелі материалдар	<i>мақал – мәтелдер жазылған плакаттар</i>
Тақырыптық көрмелер мен ақпараттық стендтер	<i>Презентация</i>
Дайындыққа арналған әдебиет	<i>Интернет материалдары</i>
<i>Сабақтың барысы</i>	

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар Сабақтың техникалық құрал-жабдықтары
Ұйымдастыру кезеңі (7 мин)	Адамның адамгершілігі-оның жоғары қасиеті.Оның негізгі белгілерінің бірі-өзі үшін ғана емес,ел,қоғам үшін өмір сүру,адамдық ар-намысты ардақтау,әр уақытта жақсылық жасауға дайын болу. «Өзің үшін еңбек қылсаң,дейді Абай,-өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың. «Досыңа достық-қарыз іс,дұшпаныңа әділ бол».Ақылды,мейірімді адам әруақытта өзгенің жақсылығын бағалағыш келеді.Арлы адам-ардақты адам.Арымыз таза болса,тарихымыз да таза. Адам атаулының жақсы қасиеттерінің бірі-адалдық,ол өмірде қымбат асыл қасиет,асыл мінез,ашық,шыншыл қарым-қатынас. «Өтіріктің балын жалап тірі жүргенше,шындықтың уын ішіп өлген артық» деген Бауыржан Момышұлы. Адамда асыл қасиеттерімен қатар жағымсыз қасиеттер де болады.Олар-жалқаулық,өзімшілдік,күншілдік,сараңдық ,қорқақтық,менмендік,қатыгездік ашу,ызақорлық	Оқушылар мұғаліммен амандасады,түгенделеді, мектеп партасындағы қатарлары бойынша орындарына отырады.	Компьютер

Сабақ басы (13 мин)	1.Адамгершілік дегенді қалай түсінесіңдер? 2. Адамгершілікке қандай қасиеттерді жатқызуға болады? «Өз бойыңда қандай жақсы қасиеттер бар?» Жарқын күн көлбейленіп тұр,күнді біз мейірбан,жан шуағын төгетін құдіретті ананың біріне теңесек,біз оның жүрегіндегі көлеңке сезімін сейілтейік,ол үшін бетіндегі түнерген бұлттарды ашайық.	Оқушылар топпен жауап береді	презентация
Ортасы (20 мин)	рухани адамгершілік қасиет-сүйіспеншілік.Сүйіспеншілік дегенді қалай түсінесіңдер? 1.Отанға деге,ата-анаға деген сүйіспеншілік,досқа деген,туған жерге деген сүйіспеншілік. .Жағдаяттық сұрақтар. 1.Сынып ішіндегі бір баламен сенің досың ойнағысы,қарым-қатынас жасағысы келмейді.Тіпті «оны мазақтаңдар»үгіттейді.Ал сен не істер едің? 2.Сенің жан досың «Киноға барайық»деген болатын,ал сенің уақытың болмай жатыр.Не істер едің? 4.Ата-анаңның теледидардан қарайтын бағдарламасы сенің қарайтын бағдарламаңмен бір уақытқа келіп қалды делік,сен де оны үзбей қарайсың.Бірақ өкінішке орай екеуі екі арнадан беріледі,сен қандай шешімге келер едің	Оқушыларға бұлттар беріледі.Бұлттарды ажырата	презентация
Соңы	Ықылас сезімдеріңіз еш уақытта жойылмасын,үнемі қайырымды,мейірімді,адал,ақкөңіл,еңбекқор,әділ,ақылды парасатты болыңыздар!	Оқушыларға бейнежазба көрсетіледі.	презентация

Бекітілді _____

Тәрбие сағаты бойынша қысқа мерзімді жоспар

Тәрбие сағаты	<i>«Адам болам десеңіз.....»</i>	
Күні		
Класс жетекші:		
Класс:	<i>Қатысушылар саны:</i>	<i>Қатыспағандар саны:</i>
Сабақтың тақырыбы: Эпиграфтар (тақырып мазмұнын ашатын)		
Сабақтың мақсаты:	өз өмірі мен денсаулығының құнын түсінеді, салауатты өмір салты туралы білімін тәжірибеде пайдаланады, өмірлерінен жағымсыз әдеттерді шығаруға тырысады;	
Құндылықтарды дарыту	<i>Ішкі тыныштық</i>	

<i>Ресімдеу</i>	<i>Слайд,презентация</i>
<i>Музыкалық және бейне көркемдеу</i>	<i>интерактивті тақта, слайд</i>
<i>Үлестірмелі материалдар</i>	<i>мақал – мәтелдер жазылған плакаттар</i>
<i>Тақырыптық көрмелер мен ақпараттық стендтер</i>	<i>Презентация</i>
<i>Дайындыққа арналған әдебиет</i>	<i>Интернет материалдары</i>
<i>Сабақтың барысы</i>	

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар Сабақтың техникалық құрал-жабдықтары
Ұйымдастыру кезеңі (7 мин)	Адам еркіндігі Адамзаттың аспанында жарқырап тұратын жұлдыздар сияқты өте биік сөздердің арасында «еркіндік» сөзінің орны ерекше. Адамға еркіндіктің ауадай қажет екенін барлық адамдар түсінеді және келіседі, ол керемет құндылық, байлық; еркіндіксіз өзің бола алмайсың, өз қылықтарың үшін жауап бермейсің, өзіңді өзің көрсете де алмайсың. Бірақ осы «азаттық», «еркіндік», «бостандық» дегеннің өзі не, оны қалай түсінуге болады? «Еркіндік» және «жауапкершілік» ұғымдарының бір-біріне қандай қатысы бар, қандай байланысы бар? «Сөз бостандығы», «ар бостандығы», «баспасөз бостандығы», «демократиялық бостандық», «ерікті, азат қоғам» – біз бұл сөздерді үнемі естиміз және пайдаланамыз. Бірақ бостандық, азаттық деген не? Ол шын мәніндегі байлық, игілік пе? Көпшілік кейде адамның күші, байлығы, билігі және де басқа ресурстары қаншалық көп болса, ол кез келген мәжбүрлеуден азат, тағдырдың кез келген сынынан соншалықты азат деп ойлайды. Алайда билік пен байлық кей жағдайда өзін өзі қолдаудың жүйесіне, құралына айналады. Адам оларды өзі үшін сақтап қалуга қаншама күш, жігер, көп уақыт жұмсайды, мұндайда азаттық, еркіндік, бостандық туралы ой миыңа кіріп те шықпайды. Бенедикт Спиноза бостандықты санамен, оқу-ағартумен, адамның білімділігімен байланыстырып, еріксіздікті, тәуелділікті надандықтың көрінісі, соның салдары деп санаған.	Оқушылар мұғаліммен амандасады, түгенделеді, мектеп партасындағы қатарлары бойынша орындарына отырады. Сұрақтар 1.«Еркіндік» дегеніміз не? 2.Адамның бойындағы қандай қасиеттері оның адамдық болмысын көрсетеді? Бұл орайда еркіндік қаншалықты маңызды? Мысал келтіріңіздер. 3. Белсенді өмірлік ұстанымы бар адамның әрекетінде жалпыадамзаттық қандай құндылықтар көрініс береді деп санайсыз?	Компьютер

Сабақ басы (13 мин)	Төменде берілген тапсырмамен мұқият танысып шығып, сахналық қойылымдар дайындаңыздар. • Оқушылардың шағын топтары (3-5 адамнан) адамның басты құқықтары мен бостандықтары көрсетілген карточкалар алады. • 7-10 минут ішінде карточкадағы сөздермен аяқталатын жағдаят ойлап, оны сахналау қажет. • Әр топ өзі даярлаған сахналық қойылымын көрсетеді. Карточкалар • Әрбір азаматтың өз пікірін және ойын айтуға құқығы бар. • Әрбір азаматтың қай жерде тұрғысы келсе, сонда тұра алады. Әрбір азаматтың өз елінен кетуіне және қайтып оралуына құқығы бар. • Әрбір адам өз елінің азаматы болу құқығы бар. Ешкім азаматтығынан айрылу немесе азаматтығын өзгерту құқығынан айрылған жоқ. • Ешкім басқа біреудің құлы бола алмайды. • Әрбір азамат билік органына сайлауға және сайлануға құқықты. Сайлау жалпыға бірдей, еркін және тең болуы тиіс!	Оқушылар Адамгерші-ліктің 7 қағидасын атайды. <i>Қанатты сөздерді оқып, ой-пікірлерін ортаға салады.</i>	Презентация
Ортасы (20 мин)	Адамгершілік деген ұғымды қалай түсінесіз?	Оқушылар ойын анық, нақты жеткізеді	презентация

Соңы	Балалар еркіндікті санамен оқу азартумен, адамның білімімен байланыстырып, еркіндік бізге ауадай қажет екенін есімізге сақтап ,жүрегімізді таза ұстап ішкі тыныштығымызды сақтайық.	Бейнежазба көрсетіледі	презентация
------	---	------------------------	-------------

Бекітілді _____

Тәрбие сағаты бойынша қысқа мерзімді жоспар

Тәрбие сағаты	«Имандылық тәрбие негізі»	
Күні		
Класс жетекші:		
Класс:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы: Эпиграфтар (тақырып мазмұнын ашатын)	» Әрбір ақылды адамға иман парыз, әрбір иманды адамға ғибадат парыз » Абай ел болуға ұмтылған	

Сабақтың мақсаты:	бүгінгі қазақ елінің алдындағы ең өзекті, ең негізгі мәселе болып отыр. Ал жас ұрпақтың жүрегіне имандылық дәнін сеуіп, оны одан әрі дамыту мұғалімдердің бірден-бір парызы болмақ. Әрбір ұстаз имандылық иірімдерін дінмен байланыстырғанда ғана түпкі мақсаттарына жете алмақ.
Құндылықтарды дарыту	«Ішкі тыныштық»
Ресімдеу	Слайд,презентация
Музыкалық және бейне көркемдеу	интерактивті тақта, слайд
Үлестірмелі материалдар	мақал – мәтелдер жазылған плакаттар
Тақырыптық көрмелер мен ақпараттық стендтер	Презентация
Дайындыққа арналған әдебиет	Интернет материалдары
Сабақтың барысы	

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар Сабақтың техникалық құрал-жабдықтары
Ұйымдастыру кезеңі (7 мин)	Үш түрлі қасиет бар, осы үшеуіне ие болған адамдарға Тәңірім қиямет күні мейіріммен қарап, жәннатқа кіргізеді: Үш түрлі адамдар бар,- оларға бейіштің есігі жабық: Үш түрлі адамдар бар, Тәңір о дүниеге барғанда олармен сөйлеспейді, рахымы да түспейді, кінәларын да кешпейді: Тату-тәтті— тұрған жұбайлар. Ата-анасына мейірімді болған адамдар.— Қол— Ата-анасының қарғысына—астындағыларға қадірлі болған адамдар. ұшырағандар. Ішкілікке мүлде салынып кеткендер.— Берген қайыр— Қу медиен шөлде келе жатқан адамға—садақасын не жақсылығын міндет қылушылар. бір жұтым су бермеген адам. Тәңірінің атын айтып, өтірік су ішіп, сатушы— адам. Өз патшасымен пайда көрсе, сертінде тұрып, пайда көрмесе, қиянат іс— жасайтын адам.	Оқушылар мұғаліммен амандасады,түгенделеді, мектеп партасындағы қатарлары бойынша орындарына отырады.	Компьютер

Сабақ басы (13 мин)	Имандылық – адамның қоғамдағы, күнделікті өмірдегі іс – әрекеттерін белгілі – бір қалыпқа түсіретін ішкі рухани реттеуіш қадір – қасиет, адам бойындағы адамгершілік, ізгілік, кісілік белгісі. Дәстүрлі қазақ қоғамында адамның имандылығына – мінез – құлық жүйесіндегі ерекшеліктеріне көп көңіл бөлінген. Адамның жарық дүниеге келуі, өсуі, ержетуі, тіршілік етуі, қартаюы, ата мен баланың қарым – қатынасы, үлкендік пен кішілік, сыйластық, әдептілік пен арлылық, инабаттылық тәрізді маңызды мәселелер имандылықтың маңызды құрамдас бөлігі ретінде ешқашан да назардан тыс қалмаған.	«Жүректен шыққан жылы сөз» оқушылар бір – біріне өздерінің жүректерінен шыққан жылы сөздерін айтады.	презентация
Ортасы (20 мин)	Жастардың үлкендерге құрмет көрсетуі, үлкендердің кішілерге ізет білдіруі өмір сүру салтына айналған. Қоғамда берік қалыптасқан осындай көргенділікпен өмір кешу дағдылары жинала келіп, барша адамгершілік қағидалардың, имандылықтың жазылмаған кодекстерінің қалыптасуына негіз болған. Бойына адамгершілік асыл қасиеттерді жинап өскен жасты “көргенді” деп, жүрегінен нұр, өңінен жылу кетпейтін, әрдайым жақсылық жолын ойлайтын, әр істе әділдік көрсететін адамдарды “иманды” деп атаған. Мұсылмандық дүниетаным бойынша, имандылық иманнан пайда болады.		презентация
Соңы	Жол қайда ақиқатқа апаратын? Ел қайда ақиқат деп аталатын? Айлакер, аразалар, алаяқтар, Аяғы көктен келіп маталатын? ... Алауыздық әкелген адамдарға, Онда орын жоқ шығар адамдарға? Бар болса егер, сүреді қайтып өмір, Ақиқаттың сүңгісі қадалғанда?! (М. Мақатаев) қоғам мүшелері ол біз- яғни жас ұрпақ		презентация

Бекітілді _____

Тәрбие сағаты бойынша қысқа мерзімді жоспар

Тәрбие сағаты	«Наурыз мерекесі»	
Күні		
Класс жетекші:		
Класс:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы: Эпиграфтар (тақырып мазмұнын ашатын)	«Қош келдің, әз Наурыз»	
Сабақтың мақсаты:	Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі туралы білімдерін тереңдету. Ауызекі сөйлеу арқылы оқушылардың дүние танымын кеңейту.	
Құндылықтарды дарыту	Оқушыларды елін сүюге, дәстүрлі мерекелерді құрметтей білуге, бойларына адамгершілік жақсы қасиеттерді сіңіре білуге тәрбиелеу.	

Ресімдеу	Слайд,презентация
Музыкалық және бейне көркемдеу	интерактивті тақта, слайд
Үлестірмелі материалдар	мақал – мәтелдер жазылған плакаттар
Тақырыптық көрмелер мен ақпараттық стендтер	Презентация
Дайындыққа арналған әдебиет	Интернет материалдары
Сабақтың барысы	

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар Сабақтың техникалық құрал-жабдықта
Ұйымдас- тыру кезеңі (7 мин)	Көктем мезгіліндегі қазақтың ұлы мейрамы Наурыз - яғни Жаңа жыл! Наурыз айының 22 - інде күн мен түн теңеледі. Адамдар бір - бірін мерекемен құттықтайды. Жеті түрлі тағамнан наурыз көже пісіреді. Үлкен кісілер ақ тілек айтып, бата береді. Осы қуанышты күн, жаңа жылдарыңыз құтты болсын халайық. Ұлыстың Ұлы күні аталған Наурызда еңбектеріңіз өнімді, тілектеріңіз қабыл боп, ескі ауыртпалықтарыңыз ескі жылда кетіп, жаңа жылда жаңа үміт, жаңа тіршілікпен, осы Ұлыстың Ұлы күнінде елімізге, жерімізге Наурызымыз есігін қуанышпен ашсын. Әр шаңыраққа береке, бірлік, мәртебе келсін! Барлық жақсы ниет - тілектеріңіз қабыл болсын! деп айтылады.	Оқушылар мұғаліммен амандасады, түгелденеді, мектеп партасындағы қатарлары бойынша орындарына отырады.	Компьютер
Сабақ басы (13 мин)	«Ұлыс күні қазан толса, ол жылы ақ мол болар, Ұлы кісіден бата алса, сонда олжалы жол болар» деп нақыл айтып, ауыл арасын ауыз бірлікке, татулыққа, ынтымаққа шақыратын. Жыл басы - Наурыз күні айтылған бұл тілектер ақ болып, толық орындалады деп ырым ететін.	Оқушылар толық түсінді	презентация
Ортасы (20 мин)	, Талқылауға арналған сұрақтар: -Наурыз қандай мереке? -Наурыз көжеге неше түрлі дәм салынады? -Ұлттық ойындарды ата. -Қазақтың ұлттық киімдеріне не жатады?	Оқушылар түсініп жауап береді	презентация

Соңы	Топтық жұмыс Оқушыларды ұлттық ойындар, ұлттық тағамдар, ұлттық киімдер арқылы топқа бөлу Ұлттық ойындар: тоғызқұмалақ, шахмат, арқан тарту, бәйге, көкпар, футбол, асық ату, тақия тастау, теңге алу, волейбол Ұлттық тағамдар: бауырсақ, құрт, май, қияр, қаймақ, сок, қазы, айран, кампот Ұлттық киімдер: шапан, пальто, камзол, сәукеле, кимешек, малақай, тақия, бөрік /Топтар келесі топтың жұмысын толықтыру/ Берілген сөздерді көпше түрге айналдыру	Оқушылар топпен жауап береді	презентация
------	---	------------------------------	-------------

Бекітілді _____

Тәрбие сағаты бойынша қысқа мерзімді жоспар

Тәрбие сағаты	«Кекшіл болма, көпшіл бол»	
Күні		
Класс жетекшісі:		
Класс:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы: Эпиграфтар (тақырып мазмұнын ашатын)	«Кең болсаң, кем болмайсың»	
Сабақтың мақсаты:	оқушыларға адамгершілік, сыйластық, бауырмалдық және жомарттық қасиеттерін түсіндіріп, оларға осы ұғымдар туралы мағлұматтар беріп, оны меңгерту	
Құндылықтарды дарыту	оқушылардың ойлау, сөйлеу қабілеттерін және қабылдауларын дамыту, әсіресе, оқушыларды жылдамдыққа тәрбиелеу, логикалық ойлауларын қалыптастыру.	
Ресімдеу	Слайд, презентация	
Музыкалық және бейне көркемдеу	интерактивті тақта, слайд	
Үлестірмелі материалдар	мақал – мәтелдер жазылған плакаттар	
Тақырыптық көрмелер мен ақпараттық стендтер	Презентация	
Дайындыққа арналған әдебиет	Интернет материалдары	
Сабақтың барысы		

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар Сабақтың техникалық құрал-жабдықтары
Ұйымдастыру кезеңі (7 мин)	Әдептілік, сыпайылық және сонымен қатар адамдар арасындағы қарым-қатынас туралы қарастырған едік. Қазақ жерінде қазіргі таңда 136-дан астам ұлт өкілдері тұрады, олар елімізде тату – тәтті, достықта, бірлікте, бір аспан астында өмір сүруде - «Кең болсаң, кем болмайсың», «Кекиіл болма, көпшіл бол» деп бұл қазақ халқының бауырмал, басқа адамдарды жанына жақын қабылдай білетін жомарт халық екендігін сипаттайды. Сонымен қатар біздің еліміз кеңпейіл, жомарт – дархан халық. «Ағасы бардың – жағасы бар, інісі бардың – тынысы бар» дейді халқымыз.	Оқушылар мұғаліммен амандасады, түгенделеді, мектеп партасындағы қатарлары бойынша орындарына отырады.	Компьютер

Сабақ басы (13 мин)	Бауырмалдық» сөздерінің мағыналарын ашып, жан - жақты тиянақтап түсінуге күш саламыз. 1.«Кеңпейілділік» сөзін естігенде сендерге қандай ой түседі? 2. Бауырмалдық, кеңпейілділік қасиеттерінен қандай ұқсастық байқайсыздар?	Оқушылар нақты анық жауап береді	презентация
Ортасы (20 мин)	*Бауырмалдық — адам бойындағы туысқандық, ағайыншылық қарым-қатынасқа адалдықты білдіретін ұғым. *Бауырмалдық - туыс адамдардың арасындағы жақсы көру сезімін, бір-біріне деген мейірімділігін, жанашырлығын, қамқорлығын білдіретін құнды қасиет. ^[1] *Бауырмалдық -тек туыстық негізде ғана көрінетін қасиет емес, ол кісінің адамгершілік, имандылық қасиеттерін айқындайтын мінез-құлықтың жағымды белгісі *Кеңпейілділік – адам бойындағы жақсы қасиетті білдіретін этикалық ұғым. *Кеңпейілді мінез көрсету тәрбиелі адамға тән. *Біздің еліміз кеңпейіл, жомарт – дархан халық	Оқушыларға бейнежазба көрсетіледі.	Презентация
Соңы	«Мейірімділік, махаббат қайырымдылық, адалдық, ақ-жүректен шығады». III. Құдайберген	Оқушылар бір біріне тілектер айтады	презентация

Бекітілді _____

Тәрбие сағаты бойынша қысқа мерзімді жоспар

Тәрбие сағаты	«Тәрбиенің ең тамаша мектебі отбасы»	
Күні		
Класс жетекші:		
Класс:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы: Эпиграфтар (тақырып мазмұнын ашатын)	Сіздің отбасыңызда болашақ азамат, болашақ қайраткер, болашақ күрескер өсіп келеді» А.С.Макаренко	
Сабақтың мақсаты:	Ата - ана мен бала арасындағы сенімді сыйластықты, бір - біріне деген сезімді нығайту, бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы туған ұясы, өз отбасындағы ата - ана тәрбиесі, өнегесі және баланың бас ұстазы ата - ана екенін түсіндіру	
Құндылықтарды дарыту	Ішкі тыныштық	
Ресімдеу	Слайд,презентация	
Музыкалық және бейне көркемдеу	интерактивті тақта, слайд	
Үлестірмелі материалдар	мақал – мәтелдер жазылған плакаттар	
Тақырыптық көрмелер мен ақпараттық стендтер	Презентация	
Дайындыққа арналған әдебиет	Интернет материалдары	
Сабақтың барысы		

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар Сабақтың техникалық құрал-жабдықтары
Ұйымдастыру кезеңі (7 мин)	«Отан отбасынан басталады» демекші ата - аналар мен ұстаздар қауымы үшін жас ұрпақ тәрбиелеп, оны қоғам мүддесіне жарату кезек күттірмейтін мәселе. Осы мәселеге ата - аналар мен ұстаздар боп атсалыссақ, алар асуымыздың биік болары сөзсіз. -Сәлеметсіздер ме құрметті ата – аналар? Біз сіздерді көргенімізге қуаныштымыз! Отбасы - өмірді кемеліне келтіретін, бақыт әкелетін қасиетті мекен. Отбасы – адам өмірінің тамаша жақтары жүзеге асатын, адамның ең басты шаттығы болып саналатын, баланың өсіп, өмір сүретін орны. Екі адамның некелесуі толық отбасын құрамайды. Дүниеге шыр етіп нәресте келгенде ғана отбасы толық отбасы болып саналады. Қазіргі таңда ата – ананың бірінші мақсаты – қаражат табу, балаларын еш нәрседен мұқтаж етпеу болып қалды. Бала–шағаның қамымен жүрген ата-ана бала тәрбиесіне де көңіл бөле алмай қалды. Ал бала тәрбиесі отбасынан басталады, қалыптасады. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» демекші жақсы – жаман әдеттерді бала отбасында үйренеді. Отбасындағы кикілжің-	Оқушылар мұғаліммен амандасады,түг енделеді, мектеп партасындағы қатарлары бойына орындарына отырады.	Компьютер

	ұрыстар баланың психикасына әсер етеді. Баланың мейірімді, еңбекқор, әдепті болып өсуі – отбасында жайлы, жақсы, жағымды ахуалдың болуы. Баламыз өмірден өз орнын тауып, бақытты өмір сүрсін десек, бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ешқашан естен шығармайық. «Отан отбасынан басталады» демекші ата - аналар мен ұстаздар қауымы үшін жас ұрпақ тәрбиелеп, оны қоғам мүддесіне жарату кезек күттірмейтін мәселе. Осы мәселеге ата - аналар мен ұстаздар боп атсалыссақ, алар асуымыздың биік болары сөзсіз. -Сәлеметсіздер ме құрметті ата – аналар? Біз сіздерді көргенімізге қуаныштымыз! Отбасы - өмірді кемеліне келтіретін, бақыт әкелетін қасиетті мекен. Отбасы – адам өмірінің тамаша жақтары жүзеге асатын, адамның ең басты шаттығы болып саналатын, баланың өсіп, өмір сүретін орны. Екі адамның некелесуі толық отбасын құрамайды. Дүниеге шырып нәресте келгенде ғана отбасы толық отбасы болып саналады. Қазіргі таңда ата – ананың бірінші мақсаты – қаражат табу, балаларын еш нәрседен мұқтаж етпеу болып қалды. Бала–шағаның қамымен жүрген ата-ана бала тәрбиесіне де көңіл бөле алмай қалды. Ал бала тәрбиесі отбасынан басталады, қалыптасады. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» демекші жақсы – жаман әдеттерді бала отбасында үйренеді. Отбасындағы кикілжің-ұрыстар баланың психикасына әсер етеді. Баланың мейірімді, еңбекқор, әдепті болып өсуі – отбасында жайлы, жақсы, жағымды ахуалдың болуы. Баламыз өмірден өз орнын тауып, бақытты өмір сүрсін десек, бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ешқашан естен шығармайық.		
Сабақ басы (13 мин)	Қазіргі қоғамда ата - ана баласынан не күтеді? Баласын қалай тәрбиелейді? Ата - ананың бақыты неде? Баласы ата - анасын қалай бақытты етпек? Міне осы тұрғыда сөз қозғалатын «Тәрбиенің ең тамаша мектебі - Отбасы» Қазіргі қоғамда ата - ана баласынан не күтеді? Баласын қалай тәрбиелейді? Ата - ананың бақыты неде? Баласы ата - анасын қалай бақытты етпек? Міне осы тұрғыда сөз қозғалатын «Тәрбиенің ең тамаша мектебі - Отбасы»		презентация
Ортасы (20 мин)	Сіз үшін “Бала деген кім?” әрбір ата-ана өз жауаптарын айтады. (Болашағымыз, Асыраушымыз, Көмекшіміз, Ақылшымыз, Өміріміздің жалғасы, Үмітіміз, Бауыр етіміз) Ғалымдардың айтуынша, баланың таңертеңгі ұйқыдан қандай көңіл-күймен тұруы – бүкіл бір күндік көңіл-күйіне әсер етеді екен. 1. Сіз балаңызды таңертеңгі ұйқыдан қалай оятасыз? 2. Балаңызға ризашылығыңызды қалай білдіресіз? 3. Балаңыздың тәтті қылықтары 4. Балаңыз сізге қандай көмек көрсетеді?	Ата аналардың пікірі тыңдалады	презентация

Соңы	«Бағбанның алма бағында» деп аталатын релаксациялық босаңсыту жаттығуын жүргізсек. Орындарыңыздан тұрып, денелеріңізді бос ұстап, терең дем алып, іштегі жағымсыз нәрселерді сыртқа шығарып тастаңыздар. Енді орындарыңызға жайғасып, өздеріңізге ыңғайлы отырыңыздар. Ал енді, көздеріңізді жұмыңыздар, көз алдарыңызға табиғат көрінісін елестеріңіздер. Ал, бастаймыз (Музыка қосылады) Соқпақ жолмен жүріп келесіз.... Жол ұзақ, шаршадыңыз, шөлдедіңіз.. Кенет, алдарыңыздар бақ көрінді..... Шебер бағбанның баптап өсірген алма бағы Қызыл, сары аламалар қол жетімді жерде Сіз үзіп алып жей бастадыңыз.... Дәмі қандай керемет..... Жеген сайын жегіңіз келеді..... Қалтаңыздан дорба алып, алмаларды жинай бастадыңыз.... Күн кешкірді.... Қайту керек..... Бақтан шығып, жолға түстіңіз..... Иығыңызда дорба..... Жүгіңіз ауыр..... Жол бітер емес..... «Тастап кетсем бе екен?» деп ойлап та қоясыз..... Міне ауылға да жеттіңіз..... Алдарыңыздан қуанып, секіріп балаларыңыз шықты..... Өзіңіз терген алмалардан үлестіре бастадыңыз..... Алма тергеніңіз мұншама абырой болар ма..... Балалар дән риза..... Балаларыңыздың бақытты күлкісі сіздің де көңіліңізді көкке көтерді !!!	Музыка тоқтатылып, ата-аналар көздерін ашып, өз әсерлерімен бөліседі. Стикерлерге (алма пішінді) балаларыңызға деген тілектеріңізді жазып, алма ағашына іліңіздер.	презентация
-------------	--	--	--------------------

Бекітілді _____

Тәрбие сағаты бойынша қысқа мерзімді жоспар

Тәрбие сағаты	«Оқушы өміріндегі отбасының рөлі»	
Күні		
Класс жетекші:		
Класс:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы: Эпиграфтар (тақырып мазмұнын ашатын)		
Сабақтың мақсаты:	Ата - ананың бала тәрбиесіндегі қарым - қатынасы туралы түсініктер беру арқылы ата - аналардың білімдерін көтеруге көмектесу.	
Құндылықтарды дарыту	Ішкі тыныштық	
Ресімдеу	Слайд,презентация	
Музыкалық және бейне көркемдеу	интерактивті тақта, слайд	
Үлестірмелі материалдар	мақал – мәтелдер жазылған плакаттар	
Тақырыптық көрмелер мен ақпараттық стендтер	Презентация	
Дайындыққа арналған әдебиет	Интернет материалдары	
Сабақтың барысы		

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар Сабақтың техникалық құрал-жабдықтары
Ұйымдастыру кезеңі (7 мин)	Отбасы - Адам баласының алтын діңгегі. Өйткені адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, осында ер жетіп, отбасының тәрбиесін алады. Сондықтан да отбасы - адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алтын бесігі. Бала қанша білім алып, мектеп табалдырығын аттағанымен, оның өмірінің көп бөлігі әке - шешесінің қасында өтеді екен. Ал сіздердің ата - ана, өміріңізде үш рет мектепке баратыныңызды әрқашан естен шығармаңыз. Бірінші рет – өзіңіз, екінші рет – балаңыз, ал үшінші рет – немереңіз барады екен. Ендеше бүгінгі сабағымызға қатысып отырған ата - аналарға әрдайым осы балаларыңыздың қорғаны болып, немере сүйіп мектепке келе беріңіздер демекпіз!	Оқушылар мұғаліммен амандасады, түгенделеді, мектеп партасындағы қатарлары бойынша орын дарына отыр ады.	Компьютер

Сабақ басы (13 мин)	«Өз балаңызды жақсы білесіз бе?» Мақсаты: Ата - анамен баланың ортасындағы қарым - қатынасты анықтау. 1. Балаңыздың жақсы көретін түсі қандай? 2. Қандай тағамды сүйсініп жейді? 3. Балаңыздың атын еркелеткенде қалай атайсыз? 4. Балаңыздың ең жақын досының есімі кім? 5. Сүйіп оқитын пәні? 6. Балаңыз мектепте нешінші кабинетте оқиды? Нұсқау: Берілген сұрақтарға ата - ана да, бала да бірдей жауап жазып отырады. Соңында жазылған жауаптарды өзара сәйкестендіру. Дұрыс сәйкес келген жауапқа бір ұпайдан беріліп отырады. Қорытынды: Көп ұпай жинап алға шыққан ата - аналарды мадақтау. Ал, аз ұпай жинаған ата - аналарға болашақта балаларымен тығыз байланыста болу керек екеніне ұсыныс беру.		презентация
Ортасы (20 мин)	Сөйлемді аяқтау. - Егер баланы үнемі сынап отырса...(оқуға құлқы болмайды). - Балаға үнемі күлсе...(бұйығы болып өседі). - Баланы қолдап отырса...(өз қадірі үшін оқиды). - Баланы қолдап отырса...(ол өз бағасы үшін оқиды). - Бала төзімділікте өссе...(адал болып жетіледі). - Бала қауіпсіз жағдайда өссе...(ол адамға сеніммен қарайды). - Бала кежілдікте өссе...(ол қатыгез болып өседі). - Бала адалдықта өссе...(адал болып жетіледі). - Бала түсіністікте және сүйіспеншілікте өссе...(бұл әлемнен махаббат табуға үйретеді).		презентация
Соңы	Ата-аналардың өз балаларының жан-дүниесін жақсы түсінуі, оларға отбасында дұрыс та тиімді тәрбиелік орта тудырады. Бала тәрбиесіне қатысты білімі және біліктерін ұдайы көтеріп отыруы қажеттілігі артады.	Бала тәрбиесі туралы мақал-мәтел, нақыл, шешендік сөздер айту. Әр топтан өз пікірін қорғау	презентация

Бекітілді _____

Тәрбие сағаты бойынша қысқа мерзімді жоспар

Тәрбие сағаты	«Отбасы тәрбие бастауы»	
Күнi		
Класс жетекші:		
Класс:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы: Эпиграфтар (тақырып мазмұнын ашатын)		
Сабақтың мақсаты:	Бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын орны ерекше екендігін түсіндіру; Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы туған ұясы, өз отбасындағы ата-ана тәрбиесі, өнегесі және ата-ана баланың бас ұстазы екенін түсіндіру; Отбасы мүшелерінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық, достық қарым-қатынас қалыптастыру	
Құндылықтарды дарыту		
Ресімдеу	Слайд,презентация	
Музыкалық және бейне көркемдеу	интерактивті тақта, слайд	
Үлестірмелі материалдар	мақал – мәтелдер жазылған плакаттар	
Тақырыптық көрмелер мен ақпараттық стендтер	Презентация	
Дайындыққа арналған әдебиет	Интернет материалдары	
Сабақтың барысы		

[illegible]

	Топқа бөліну./отбасы болу/ әуен арқылы/ Топ ережесін құру. «Бір күнгі отбасылық өмір» қойылы Қадірменді ата – ана, “Баламның табанына кірген шөңге менің маңдайыма кірсін” деп әлпештеп отырған перзентінің мейірімсіз, қатыгез, жаман бала болғанын кім тілейді десіз? Бірақ бүгінгі күні ата – анасын құрметтейтін, олардың алдындағы перзенттік парызын орындамайтын, өз айтқанымен жүргісі келетін балалардың бар екені шындық.		
Сабақ басы (13 мин)	“Тәрбие – отбасынан басталады” дейтін болсақ, біздің отбасындағы тәрбиеміз, қарым-қатынас мәдениеті қандай? Бүгінгі балаларымыз “махаббат майданында” жүрген қыздар мен жігіттер. Біреуі – біреуді ұнатып қалып жатса, біреуі — біреуге ұнап жатады. Бір – біріне ұнаған жастың ендігі арманы біз мына өмірде бірге болсақ екен, өмірдің ащысы мен тұщысын бірге көрсек екен деген ой туады, ал ол отбасын құру дейтін болсақ, сол отбасын құруға біздің жастарымыз дайын ба? Ал ата – ана, ертеңгі үміт күткен балаларымызбен сыйластығымыз, отбасындағы түсініктігі қандай? Бүгін сіздерді “Отбасы бақыты – ол...” деп аталатын дөңгелек үстелге пікірлесуге шақырамын.		презентация
Ортасы (20 мин)	Ендігі ойымызды осы тақырып төңірегінде топтастырып, әрі қарай жалғастырайық (оқушыларға да, ата – аналарға да мына ойларды жалғастыру беріледі) а) отбасы бақыты – ол.... ә) бақыт дегеніміз — б) борыш дегеніміз-..... в) отбасы бақыты үшін мен..... г) келешектегі отбасымның бақыты үшін мен.....	(осы кезде әуен қойылып, қатысушылардың әуенмен жұмыс істеуіне жағдай туғызу керек)	презентация
Соңы	Ата – ана, оқушы жауабынан соң қорытынды жасалып, “осы отбасы бақытын бұзатын қандай жағдайлар?” деген сұрақ тасталады. “Бүгінгі менің ойым” деп аталады. Оқушыларға мынадай сұрақтар жазылған парақтар таратылады: а) – ой, мама, қойызың осы, сіз оны түсінбейсіз(осы сөздерді есту ата – анаға ауыр емес пе?) ә) отбасы бақыты кімнің қолында(ананың, әкенің, балалардың) б) мұны дұрыс істеген жоқсың, сол үшін анаң ұрсып жатыр. Ұрысқаны үшін анаң		презентация

	<i>кінәлі ме, дұрыс істемегенің үшін сен кінәлісі кім</i>		
--	---	--	--

Бекітілді _____

Тәрбие сағаты	«Мамандылыққа бейімділікті анықтау»	
Күні		
Класс жетекші:		
Класс:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы: Эпиграфтар (тақырып мазмұнын ашатын)	Мамандығым -мақтанышым	
Сабақтың мақсаты:	”Мамандық “ құндылығы туралы түсініктерді кеңейту. Мамандық таңдау, оның нәтижесіндегі еңбек қуанышы туралы ұғым беру. Міндеттері: • - мамандық таңдаудың негізгі шарттарын таныту. - Мамандық таңдауда оң шешім қабылдауға, еңбек қуанышын сезінуге, өзінің бойындағы қасиетін тануға жетелеу. - Еңбекқорлыққа, еңбекті қадірлей білуге, табысты болуға тәрбиелеу.	
Құндылықтарды дарыту	Ішкі тыныштық	
Ресімдеу	Слайд,презентация	
Музыкалық және бейне көркемдеу	интерактивті тақта, слайд	
Үлестірмелі материалдар	мақал – мәтелдер жазылған плакаттар	
Тақырыптық көрмелер мен ақпараттық стендтер	Презентация	
Дайындыққа арналған әдебиет	Интернет материалдары	
Сабақтың барысы		

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар Сабақтың техникалық құрал-жабдықтар
Ұйымдастыру кезеңі (7 мин)	Әлемде 40 мыңға жуық әр түрлі мамандықтар бар. Статисттердің зерттеуі бойынша жыл сайын 25 млн. адам өзінің жұмыс орнын ауыстырып, оның 12% -ы қайтадан өз орнына қайтып оралады екен. «Мамандық - дегеніміз не?» Қоғамға, адамдарға пайдасын тигізетін мамандықтарды қалай таңдауға болады? Осы және тағы басқа мәселелер туралы бүгін ой бөлісеміз. Мамандық - қарапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандайда бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі.	Оқушылар мұғаліммен амандасады, түгенд еледі, мектеп партасындағы қатарлары бойынша орындарына отырады.	Компьютер
Сабақ басы (13 мин)	Ойланайық, пікірлесейік Мамандық дегеніміз не? Кәсіп, Сүйікті іс, Шығармашылық, Қызығушылық, Еңбек көзі	Оқушылар ойын анық жеткізеді	презентация

Ортасы (20 мин)	Мамандық дегеніміз не? Оқушылардың пікірлері сұралады. • - Біздің болашағымыз – біздің мамандығымызда; • - адамның болашаққа апаратын жолы; • - адамның алдағы уақытқа қойған мақсатының бірі; • - мамандық бойынша адам жұмыс істейді; • - оқуды бітіргеннен кейін таңдайтын мамандық; • - ол белгілі бір кәсіпке ие болу бейіндігі, ұнату, таңдау, арманыңды іске асыру; • - мамандық сөзі ол жұмыспен сипатталады; • - келешекке қойған жоспары, мамандығын ойдағыдай бітірсе, игерсе сол • - адам жаны қалаған қабілеті бар кәсіпкерлік жұмыспен айналысады.	Оқушылардың пікірі тыңдалады	презентация
Соңы	Әңгімелесу - Адам өз мамандығын таңдаған кезде, нені басшылыққа алу керек деп ойлайсыңдар? - жақсы маман болуы үшін адам нені білуі және нені үйренуі қажет? - Сен қандай маман болуды армандайсың? Неліктен? - Адам өзін белгілі бір мамандыққа қашан, қалай дайындауы керек деп ойлайсыңдар? - Адам бірнеше мамандықты меңгерсе, оның өмірі қандай болады деп ойлайсыңдар? - Қай уақытта адам өз еңбегінің жемісін көре алады?	Оқушылар топпен жауап береді	презентация

Бекітілді _____

Тәрбие сағаты бойынша қысқа мерзімді жоспар

Тәрбие сағаты	«Табиғат қалай сенің жағдайың?»
Күні	
Класс жетекші:	

Класс:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы: Эпиграфтар (тақырып мазмұнын ашатын)		
Сабақтың мақсаты:	Балаларды табиғат әсемдігін көре білуге, оны аялауға, қорғауға тәрбиелеу, экологиялық білімділік, ойлау қабілетін, сауатты сөйлеу дағдысын дамыту.	
Құндылықтарды дарыту	Ішкі тыныштық	
Ресімдеу	Слайд,презентация	
Музыкалық және бейне көркемдеу	интерактивті тақта, слайд	
Үлестірмелі материалдар	мақал – мәтелдер жазылған плакаттар	
Тақырыптық көрмелер мен ақпараттық стендтер	Презентация	
Дайындыққа арналған әдебиет	Интернет материалдары	
Сабақтың барысы		

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар Сабақтың техникалық құрал-жабдықтары
Ұйымдастыру кезеңі (7 мин)	Жалпы, табиғат — тіршілік атаулының құтты қоныс-мекені, тіршіліктің түлеп өсуіне қажетті нәрі, жер бетіне көрік берген сәні.Халық ұғымында табиғат деген сөз жер, аң, туған жер, атамекен сөздерімен қатар тұрады. Олай болса, бүгінгі дөңгелек столымыз да табиғат туралы болмақ. Қазақстан табиғатының өлшеусіз байлығын игере отырып, бізді қоршаған ортаның бүтіндігін сақтау да республикамыздағы ең күрделі мәселелердің бірі. Көшпелі тұрмыс кешкен қазақтар өзінің барлық ақыл ойын табиғатпен байланыстырған. Ал қазір сол көшпелі қазақтардың ақыл ойын біз сақтап отырмыз ба? Міне бүгінгі талқыланатын мәселеміз осы.	Оқушылар мұғаліммен амандасады,түг енделеді, мектеп партасындағы қатарлары бойынша орындарына отырады.	презентация

Сабақ басы (13 мин)	Экология қазіргі дәуірде адамзатты толғандырып отырған маңызды проблемаға айналды. Табиғатты, қоршаған ортаны жою арқылы бүкіл қоғамды, тіршілікті жойып жіберуге болатынын көптеген елдер түсіне бастады. Біздің өмір сүріп отырған дәуірімізде техникалық құралдармен қаруланған кейбір елдер мен адамзат баласының жер планетасын аз уақыттың ішінде құртып жіберуі онша қиындыққа түспейді. Сондықтан бүкіл әлем халқының ортақ үйі жер планетасын – адамзат баласы біріге отырып экологиялық апатқа қарсы тұрып, жер анамызды сақтап қалу бүгінгі таңдағы ең маңызды мәселе.	Оқушылардың пікірі тыңдалады	презентация
Ортасы (20 мин)	Қазақ халқының табиғатты, қоршаған ортаны, жан-жануарлар мен құстарды аялағаны соншалықты, тіпті сонау ашаршылық жылдарының өзінде үйдің іргесіндегі аққан судың балығына да, ұшқан құсына да, жүгірген аңына да ешбір зиянын келтірмеген. Көшпенді халық жиі-жиі, жаз бойы қоныстарын ауыстырып, сол қоныстанған жердің топырағы тозбасын, өсімдігі өлмесін, шабындығы жапырылмасын деген оймен әрбір билер халықты жаңа қоныстарға алдын ала бағыт беріп отырған.	Табиғаттың адам өміріне маңыздылығы жөнінде пікірлерін айтады	презентация
Соңы	Біздегі кемшіліктерді жібермеу, барлығымыздың да қолымыздан келеді, бірақ көп нәрсені түсіне бермейміз. Адамзаттың жауапсыз кезеңі бітіп, жауапкершілігі артатын кезеңі жетті. Енді қазіргі бар табиғат қоры шеңберінде өмір сүруді үйрену және өндіріс көлемін ұлғайтуды шикізат ресурстары шығынының көлемін өсіру жолымен емес, аз қалдық беретін және қалдықсыз технологияға тезірек көшу, кен орны жынысы құрамындағы барлық компоненттерді комплексті алу мен пайдалану, өндіріс қалдықтарын қайта пайдалану мен тұтыну, табиғи ортаны ластаудың алдын алатын қалдықсыз өндірістер мен технологияны енгізу, энергия мен шикізаттың дәстүрлі түрлерін қазіргі заманғы және таусылмайтын көздермен ауыстыру негізінде жүргізу қажет.	Бейнежазба көрсетіледі	презентация

Тәрбие сағаты бойынша қысқа мерзімді жоспар

Тәрбие сағаты	«Мамандық таңдап үлгердіңізбе?»	
Күні		
Класс жетекші:		
Класс:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы: Эпиграфтар (тақырып мазмұнын ашатын)	Мамандық таңдау маңызды іс	
Сабақтың мақсаты:	Оқушыларға мамандық таңдаудағы түсініктерін кеңейте отырып, мамандықтарға деген ынта-ықыласын, қызығушылықтарын арттыру. Мамандық құндылығы туралы түсінік беру. Мамандармен кеңесе отырып, мамандық таңдауда оң шешім қабылдауға, еңбек қуанышын сезінуге, өзінің бойындағы қасиетін тани білуге үйрету.	
Құндылықтарды дарыту		
Ресімдеу	Слайд,презентация	
Музыкалық және бейне көркемдеу	интерактивті тақта, слайд	
Үлестірмелі материалдар	мақал – мәтелдер жазылған плакаттар	
Тақырыптық көрмелер мен ақпараттық стендтер	Презентация	
Дайындыққа арналған әдебиет	Интернет материалдары	
Сабақтың барысы		

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар Сабақтың техникалық құрал-жабдықтары
Ұйымдастыру кезеңі (7 мин)	Әлемде 40 мыңға жуық әр түрлі мамандықтар бар. Статисттердің зерттеуі бойынша жыл сайын 25 млн. адам өзінің жұмыс орнын ауыстырып, оның 12% -ы қайтадан өз орнына қайтып оралады екен. «Мамандық - дегеніміз не?» Қоғамға, адамдарға пайдасын тигізетін мамандықтарды қалай таңдауға болады? Осы және тағы басқа мәселелер туралы бүгін ой бөлісеміз. Мамандық - қарапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандайда бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі.	Оқушылар мұғаліммен амандасады,түгелденеді, мектеп партасындағы қатарлары бойынша орындарына отырады.	презентация

Сабақ басы (13 мин)	Өскенде кім болғың келеді?» деген сұрақтарға мектеп оқушыларының көбісі нақты жауап бере алмайды. Неліктен ? Шындығына келгенде, мамандық таңдау мәселесі, әсіресе, біздің қоғамымыз нарықтық қатынасқа көшіп отырған жағдайда өте күрделі мәселе. Бүгінгі дөңгелек үстелде біз осындай маңызды тақырыптарға тоқталамыз, мамандық, болашақ таңдайтын бағдарымызды таңдау стратегиясы жөнінде, кәсіби өмірлік бағытты жобалау туралы, мамандық таңдау кезінде ескерілетін факторға тоқталамыз және дұрыс шешім қабылдауды үйренеміз	Оқушылар түсінеді, ойлары анық, нақты жеткізді	презентация
Ортасы (20 мин)	«Ең жақсы ойынын» ойнауға шағырамыз. Ойынның шарты мынадай: «Ең» сөзін қосып мамандықтарды анықтауға болатын шартты сөздерді айтамын, ал сіздер қай мамандық туралы айтылып отырғандығын анықтауларыңыз керек. Ең ақшасы көп(банк қызметкері, экономист). Ең жасыл(эколог, географ, бақташы, гүл өсіруші). Ең тәтті(аспаз, кондитер). Ең күлкілі(клоун, карикатурашы). Ең жауапты(сот, бухгалтер). Ең салмақты(мұғалім, заңгер). Ең қарым-қатынасы күшті(бизнесмен, кәсіпкер).	Оқушылар пікірлерін білдіреді	презентация
Соңы	Мамандық таңдауда мынадай формула бар: «ҮЙРЕНГІМ КЕЛЕДІ – ҮЙРЕНЕ АЛАМЫН – ҮЙРЕНУ КЕРЕК». ҮЙРЕНГІМ КЕЛЕДІ – бұл талап - тілектің, мақсат пен мүдденің, ынта мен ықыластың кеңістігі; ҮЙРЕНЕ АЛАМЫН – қабілет - қарымның, таланттың, денсаулықтың кеңістігі; ҮЙРЕНУ КЕРЕК – еңбек рыногындағы сұраныстардың, аймақтағы әлеуметтік - экономикалық проблемалардың, әлемдік экономикалық даму тенденцияларының кеңістігі. Кәсіп осы үш дөңгелектің тоғысу нүктесі арқылы оңтайлы таңдалады. Абай атамыз айтқандай «болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды сүйсеңіз. Ондай болмақ қайда деп, айтпа ғылым сүйсеңіз» дегендей алға ұмтылып, арманымызға жетіп, жақсы маман иесі болуға тырысу қажет!	1. Таңдаған мамандығыңыз заман талабына сай ма? 2. Мамандық таңдауда ата-анаңмен, отбасы мүшелерімен, ортаңызбен ақылдасасыз ба? Оқушылар жеке-жеке ойларын айтады	презентация

Тәрбие сағаты бойынша қысқа мерзімді жоспар

Тәрбие сағаты	«Экологияны ластамаңыз жас жеткіншек!»	
Күні		
Класс жетекші:		
Класс:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы: Эпиграфтар (тақырып мазмұнын ашатын)	Экология және біз	
Сабақтың мақсаты:	табиғат әсемдігін көре білуге, оны аялауға, қорғауға тәрбиелеу, экологиялық білімділік, ойлау қабілетін, сауатты сөйлеу дағдысын дамыту.	
Құндылықтарды дарыту	Ішкі тыныштық	
Ресімдеу	Слайд,презентация	
Музыкалық және бейне көркемдеу	интерактивті тақта, слайд	
Үлестірмелі материалдар	мақал – мәтелдер жазылған плакаттар	
Тақырыптық көрмелер мен ақпараттық стендтер	Презентация	
Дайындыққа арналған әдебиет	Интернет материалдары	
Сабақтың барысы		

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар Сабақтың техникалық құрал-жабдықтары
Ұйымдастыру кезеңі (7 мин)	Жалпы, табиғат — тіршілік атаулының құтты қоныс-мекені, тіршіліктің түлеп өсуіне қажетті нәрі, жер бетіне көрік берген сәні.Халық ұғымында табиғат деген сөз жер, аң, туған жер, атамекен сөздерімен қатар тұрады. Олай болса, бүгінгі дөңгелек столымыз да табиғат туралы болмақ. Қазақстан табиғатының өлшеусіз байлығын игере отырып, бізді қоршаған ортаның бүтіндігін сақтау да республикамыздағы ең күрделі мәселелердің бірі. Көшпелі тұрмыс кешкен қазақтар өзінің барлық ақыл ойын табиғатпен байланыстырған. Ал қазір сол көшпелі қазақтардың ақыл ойын біз сақтап отырмыз ба? Міне бүгінгі талқыланатын мәселеміз осы.	Оқушылар мұғаліммен амандасады,түгенделеді, мектеп партасындағы қатарлары бойынша орындарына отырады.	Компьютер

Сабақ басы (13 мин)	Экология қазіргі дәуірде адамзатты толғандырып отырған маңызды проблемаға айналды. Табиғатты, қоршаған ортаны жою арқылы бүкіл қоғамды, тіршілікті жойып жіберуге болатынын көптеген елдер түсіне бастады. Біздің өмір сүріп отырған дәуірімізде техникалық құралдармен қаруланған кейбір елдер мен адамзат баласының жер планетасын аз уақыттың ішінде құртып жіберуі онша қиындыққа түспейді. Сондықтан бүкіл әлем халқының ортақ үйі жер планетасын – адамзат баласы біріге отырып экологиялық апатқа қарсы тұрып, жер анамызды сақтап қалу бүгінгі таңдағы ең маңызды мәселе.	Оқушыларға бейнежазба көрсетіледі	презентация
Ортасы (20 мин)	Табиғат қоршаған орта емес, табиғат біздің өзіміз. Өзіңді өзің алдау, өз болмысың алдында арам болу даму перспективасын жоғалтумен тең екендігін саралау парыз. Адалдық ғылыми категориядан гөрі адами тіршіліктің қазығы екендігін ұққан абзал. Адалдықтан бастау алмаған жерде адамзаттың мәуелі өмір қияндарын айшықтауда кешірілмес өкінішке соқтыратынын жасырлар дәлелдеген шындық.	Экологияны ластаушы Оқушылар екі топ бөлініп жасауға береді	презентация
Соңы	Сайып келгенде айтарымыз – қандай жұмыс атқармасақ та қоршаған ортаға абайлап қарап, оны қорғауға күш салу басты бағытымыз болып қала береді. Қашан да болмасын табиғатты аялай білейік. Ол өктемдікті көтермейді. Бүгінгі экологияны ластамау «Табиғатты қорғау – адамзаттың парызы»		презентация

Бекітілді _____

Тәрбие сағаты бойынша қысқа мерзімді жоспар

Тәрбие сағаты	«Дін және мәдениет»	
Күні		
Класс жетекшісі:		
Класс:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы: Эпиграфтар (тақырып мазмұнын ашатын)	Дін және мәдениет	
Сабақтың мақсаты:	Экстремизм, терроризм, радикализм терминдеріне түсінік беру, Қазақстан Республикасындағы лаңкестікпен қарсы күрестің құқықтық негіздері, қазіргі таңдағы ахуал жайы жөнінде мағлұмат беру. Оқушыларды БАҚ құралдары мен ғаламтор материалдарын пайдалана отырып, дамыта оқыту.	
Құндылықтарды дарыту	Ішкі тыныштық	
Ресімдеу	Слайд,презентация	
Музыкалық және бейне көркемдеу	интерактивті тақта, слайд	
Үлестірмелі материалдар	мақал – мәтелдер жазылған плакаттар	
Тақырыптық көрмелер мен ақпараттық стендтер	Презентация	
Дайындыққа арналған әдебиет	Интернет материалдары	
Сабақтың барысы		

Сабақтың кезеңі/уақыт	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар Сабақтың техникалық құрал- жабдықтары
Ұйымдастыру кезеңі (7 мин)	Қоғамның ең әлсіз тұсы дін, жастарымыздың дін туралы сауаттылығы нашарынан ба, әлде бір себеппен ба, секталарға кіру себебі, Бүгінгі «Діни экстремизмнің алдын алу.» тақырыбы да осы арнаға келіп саяды. қазіргі уақытта қоғамның, мемлекеттің ең өзекті мәселесі осы жайында бүгін біздің оқушыларымыз сіздерге ой тастайды. 1 Ислам араб сөзі, аллаға бойынұсыну деген мағына білдіреді, Ислам діні VI ғасырдан Арабия түбегінен тарай бастады, Ислам діні әлемде 1, 3 млрд адам ұстанады, және де мемлекеттік дін деп жариялаған мемлекеттер де бар, Ислам діні бүкіл әлемде көкпен жерді жаратушы, Аллаға ғана сенуді уағыздайды. Ал ислам дінінің алғышартының бірі Алладан басқа құдай жоқ, Мұхаммед алланың елшісі екендігіне куәлік беру. Ислам діні – адам баласын тура жолға бастайтын дін. Адамды мейірімділікке, бауырмашылыққа, қайырымдылыққа үйретеді, Имансыз ұлт болмайтынын түсінген атам қазақ, ислам дініне қатты көңіл бөлген, «Алланың өзі де рас, сөзі де рас»-	Оқушылар мұғаліммен амандасады, түгенделеді, мектеп партасындағы қатарлары бойынша орындарына отырады.	Компьютер

	деп жырлаган ұлы Абай ислам дініне берік болған ғой, ал қазіргі таңда кездесіп отырған келеңсіз жағдайлар неден, - деп қарастырып көрейік		
Сабақ басы (13 мин)	Экстремизм Қазіргі таңда діни - ахуал жағдайында жалпы экстремизм деген терминге зерттеушілер ортақ бір нақты мазмұн беретін балама сөз тапқан жоқ. Әр ғалым өзінше сөз саптайды. Бір анығы, қоғам үшін бұл – үлкен қауіпті құбылыс. Енді осы экстремизмнің мағынасын объективті түрде түсіндіріп көретін болсам,. Экстремизм (extremus) деген латын тілінен енген термин, сөздік мәні соңғы, шеткі деген мағынаны білдіреді, ал саяси мағынасы шектен шыққан көз қарас пен іс - әрекет арқылы ерекшеленетін күрделі әлеуметтік феномен. Сонымен қатар, бұл – тікелей немесе жанама түрде парламенттік демократияны жоққа шығаратын саяси қызмет түрі.	Жат әлемнің құрбандары	видео
Ортасы (20 мин)	Экстремизм деген не? Қоғамға тигізер әсері қандай?	Оқушылардың пікірі тыңдалады	презентация
Соңы	Діни экстремизм және оның алдын - алу үшін не істеу керек деп ойлайсың? - Қазірде елімізде жайып келе жатқан кері діни ағымдар мен секталар көп. Солардың басты дегендерімен таныстыра кетейін. Діни ағымдар атаулары Түсініктері мен ерекшеліктері		презентация

Бекітілді _____

Тәрбие сағаты бойынша қысқа мерзімді жоспар

Тәрбие сағаты	«Жемқорлыққа жол жоқ»	
Күні		
Класс жетекші:		
Класс:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы: Эпиграфтар (тақырып мазмұнын ашатын)		
Сабақтың мақсаты:	«Жемқорлық» туралы ұғым қалыптастыру. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң қабылданғаннан бері сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер дәйектілікпен жүзеге асырылуда.	
Құндылықтарды дарыту	Ішкі тыныштық	
Ресімдеу	Слайд,презентация	
Музыкалық және бейне көркемдеу	интерактивті тақта, слайд	
Үлестірмелі материалдар	мақал – мәтелдер жазылған плакаттар	
Тақырыптық көрмелер мен ақпараттық стендтер	Презентация	
Дайындыққа арналған әдебиет	Интернет материалдары	
Сабақтың барысы		

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар Сабақтың техникалық құрал жабдықтары
Ұйымдастыру кезеңі (7 мин)		Оқушылар мұғаліммен амандасады, түген деледі, мектеп партасындағы қатарлары бойынша орындарына отырады.	Компьютер

Сабақ басы (13 мин)	Біріккен Ұлттар Ұйымының бастамасымен 9 желтоқсан сыбайлас жемқорлықпен халықаралық күрес күні деп аталып өтіледі. Бұл күні Мексиканың Мерида қаласында жоғары деңгейде өткен саяси конференцияда БҰҰ Бас ассамблеясымен 2003 жылдың 1 қарашасында қабылданған сыбайлас жемқорлыққа Конвенциясына қол қойылды. Оған қол қойған мемлекеттер пара, бюджеттік қаржыны жымқыру және сыбайластық жемқорлық жолымен пайда табуды қылмыстық істер деп қабылдауы қажет. Әлемнің дамыған 30 еліне кіру мақсаттарына жету үшін біз күшімізді біріктіру қажет, соның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте бірігу қажет. Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясында көрсетілгендей жетістікке жету, сыбайлас жемқорлыққа тек біртұтас ағза сияқты күрескенде ғана мүмкін.		презентация
Ортасы (20 мин)	«Сыбайластыққа жол жоқ!» интернет желісіндегі бейнеролликті тамашалау	(Бейнеролликті көру арқылы оқушылар пікірталас тудырады) Пікірталас қорытындысымен	презентация
Соңы	Сыбайлас-жемқорлық деген не? “Сыбайлас-жемқорлық” деген “параға сатып алу”, “пара” ретінде, "corruptio" деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ "corrumpere" түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда “сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу” деген түсінік берген де, құқыққа қарсы іс-әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас-жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды.	Оқушылар постер қорғау арқылы қорытындылайды	презентация

Бекітілді _____

Тәрбие сағаты бойынша қысқа мерзімді жоспар

Тәрбие сағаты	«Сабыр түбі сары алтын»	
Күні		
Класс жетекшісі:		
Класс:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы: Эпиграфтар (тақырып мазмұнын ашатын)	Сабыр түбі сары алтын	
Сабақтың мақсаты:	Сабырлылық, ұстамдылық тәрізді адами қасиеттер туралы түсінік беру; Сабырлы ,ұстамды болуға тәрбиелеу.	
Құндылықтарды дарыту		
Ресімдеу	Слайд,презентация	
Музыкалық және бейне көркемдеу	интерактивті тақта, слайд	
Үлестірмелі материалдар	мақал – мәтелдер жазылған плакаттар	
Тақырыптық көрмелер мен ақпараттық стендтер	Презентация	
Дайындыққа арналған әдебиет	Интернет материалдары	
Сабақтың барысы		

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар Сабақтың техникалық құрал-жабдықтары
Ұйымдастыру кезеңі (7 мин)	Мен бүгін сендерді көргеніме қуаныштымын. Бәріміз қол ұстасып, шын жүректен бір-бірімізге күлкімізді сыйлап жанымыздағы досымыздың жақсы қасиеттерін ізгі тілектермен жеткізейік. -Сен нағыз доссың . -Сен ең әдемі қызсың. -Сен мейірімдісің. -Сен ақкөңілсің. -Сен әдептісің.... -Жарайсыңдар, оқушылар ! Әрқайсысың достарыңа деген жылы лебіздеріңді естіп, қатты қуанып тұрмын. Адами жақсы қасиеттердің бірі-сабырлылық . Бүгін сендермен сабыр, сабырлы болу, сабыр сақтау туралы әңгімелеспекшіміз. Яғни, бүгінгі тақырыбымыз «Сабыр түбі-сары алтын» деп аталады.	Оқушылар мұғаліммен амандасады, түгенделеді, мектеп партасындағы қатарлары бойынша орындарына отырады.	презентация

Сабақ басы (13 мин)	— Сабырлы болу дегенді қалай түсінесіңдер ? -Сонымен сабыр деген-ұстамды болу, шыдымды болу, төзімді болу деген сөз екенін айттыңдар. Енді осы сөздерге қайшы келетін сөздер айтып көріңдерші. Сабыр-сабырсыз Ұстамды-ұстамсыз Төзімді-төзімсіз Шыдамды-шыдамсыз -Адамға қандай жағдайларда сабыр керек ?	Оқушылар түсініп жауап береді	презентация
Ортасы (20 мин)	Егер адамда сабыр болмаса, ол тез ашуланады. Ал ашуланған адам ашу үстінде асығыстыққа жол береді. Асығып қабылданған шешім барлық уақытта оң бола бермейді. Сондықтан ондай жағдайда ақылға салып , ашуға берілмей –сабыр сақтау керек. Сондықтан да Абай аталарың «Асығыс түбі өкініш, ойланып алмақ-сабыр сол » деп айтқан болатын.	бейнежазба	презентация
Соңы	1. Әрбір істі ойланып , ақылға салыңдар ! 2. Шыдымсыздық танытпай, ұстамды болыңдар! 3. Әр кезде де өз-өздеріңді жігерлендіріңдер. Өзіммен-өзім Баяу сазды әуен қосып қою. Қазір сендер іштеріңнен сабырлы болу жолдарын ойлап көріңдер. «Менің сабырлы , ұстамды болғым келеді. Мен үйде де, аулада да, мектепте де өзімді сабырлы ұстаймын, еш нәрсеге ренжімеймін . Ақырын басып , баппен сөйлеп келе жатқан өзімді сыртымнан көріп тұрмын. Ол сондай тартымды, жарасымды екен. Маған сабырлы, ұстамды болған сондай ұнайды »	Оқушылар өз ойларын айтады	презентация

Тәрбие сағаты бойынша қысқа мерзімді жоспар

Тәрбие сағаты	«Әдептілік-әдемілік»	
Күні		
Класс жетекші:		
Класс:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы: Эпиграфтар (тақырып мазмұнын ашатын)	Әдепті бала арлы бала	
Сабақтың мақсаты:	оқушыларға әдептілік, мәдениеттілік, әдемілікті көріністер арқылы түсіндіру; ә) есте сақтау, логикалық ойлау, шығармашылық-ізденімпаздық қабілетін, сөйлеу мәдениетін, тілдік қорын дамыту; б) сахна мәдениетіне, өзін-өзі ұстауға, әдептілікке, әдемілікке тәрбиелеу.	
Құндылықтарды дарыту	Ішкі тыныштық	
Ресімдеу	Слайд,презентация	
Музыкалық және бейне көркемдеу	интерактивті тақта, слайд	
Үлестірмелі материалдар	мақал – мәтелдер жазылған плакаттар	
Тақырыптық көрмелер мен ақпараттық стендтер	Презентация	
Дайындыққа арналған әдебиет	Интернет материалдары	
Сабақтың барысы		

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар Сабақтың техникалық құрал-жабдықтары
Ұйымдастыру кезеңі (7 мин)	Әдептілік-дегеніміз ар-ұяттың белгісі, адамдық қасиеттердің көрінісі, адам мінез-құлқының көрінісі десек, адамның кісілік қасиеттері, мінез құлықтары жайлы ұлы адамдардың сөздерін тыңдап көрейік. 1. Абай атамyz мінез жайлы «<u>Мен егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім</u>» деген екен. 2. Әлемнің екінші ұстазы атанған Әбунәсір әл Фараби бабамыз тәрбие туралы «Жақсы тәрбие мен ақыл күші болып екеуі біріккенде-бұлар адамшылық қасиеттері болып табылады» деген екен. 3. Ұлы ойшыл Демокрит «Арлы мен арсыздың кім екені істеген ісінен ғана емес, пікір-пиғылынан да көрінеді» депті. Мұндағы негізгі ой адамның ішкі дүниесінің бейнесін іс-әрекетінде көрініс тауып жатады дегені болса керек. 4. «Адамдағы ынсап, әділет, мейрім-үшеуін қосып айтқанда ұждан деген ұғым шығады» деген Шәкәрім сөзі ар-ұжданның ұялу ғана емес, мейрімділік пен адамдықты, шынышылдықты,	Оқушылар мұғаліммен амандасады, түгенделеді, мектеп партасындағы қатарлары бойынша орындарына отыр ады.	Компьютер

	қанағатты қажет ететінін танытса керек. 5. <i>Адамгершілік- адамның ішкі рухани байлығы.</i> <i>«Жақсымен жолдас болсаң- жетерсің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң- қаларсың ұятқа»</i> <i>Үлкенді сыйлау- адамгершіліктің бір негізі. Қазақ халқының өмірінде үлкенді сыйлау ұлтық дәстүрге айналған. Қазақтың ұлттық дәстүрі бойынша, кісіні сыйлау, құрметтеу әрбір жастың парызы болып табылады. Ата- бабаларымыз баланы бесігінен жақсы әдеттерге баулыған.</i> <i>6.«Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа анық бола алады, олар: барлығынан басым болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек. Бұл сапалар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді»</i>дейді Шәкәрім.		
Сабақ басы (13 мин)	а). Қоғамымыздың болашақ мұрагерлері қандай болуы керектігі туралы. ә). Сымбаттылық пен әдеміліктің әдептілікпен байланыстылығы туралы. 2. Негізгі орталарда өзін – өзі қалай ұстау қажеттілігі туралы а). <i>ҮЙДЕ: Ата - анамен, іні – қарындаспен, аға – анамен қалай сыйласу қажеттігі туралы, қонақ келгенде сәлемдесу, қонақ қабылдау, т. б.</i> ә). <i>КӨШЕДЕ: Дұрыс, сымбатты жүру, кезкелген үлкен – кішімен сәлемдесу, қарт адам кездесе көмектесу, орынсыз ысқырық, т. б., төбелеске жол бермеу;</i> б). <i>МЕКТЕПТЕ: Оқушыларға арналған ережелерді сақтау, жолдастарымен, ұстаздарымен сәлемдесу, мектептегі қоғам мүлкіне дұрыс көзқараста болу, кезекшілік міндеттерін дұрыс орындау, сабақты бар зейінімен тыңдау, сабақ үстіндегі бірыңғай талап ережелерін сақтау, ұстаздарын, достарын сыйлау;</i> в). <i>ҚОНАҚТА: Қонаққа келген үйінің ішіне тесіле қарай бермеу, әр нәрсеге таңданып орынсыз дүниелерді қайдан алғанын тексеріп сұрай бермеу, босқа абыржымау, екеу – екеуден сыбырласып әңгіме айтпау, ерсі күлмеу, үн – түнсіз, өзімен – өзі мұңайып отырмау, басқа қонақтардың, үй иесінің пікірлерімен санасу, т. б.</i>	Пікірлері тыңдалады	презентация


Ортасы (20 мин)	Әдептілік туралы ұлы АБАЙ сөзінің мәнін ұғыну ӘДЕПТІЛІК - ар – ұят АДАМДЫҚТЫҢ белгісі, ТҰРПАЙЫ мінез, тағы жат НАДАНДЫҚТЫҢ белгісі. 2. Өздерінің жөнді – жөнсіз қылықтарын айту 3. Әдептілік туралы мақал – мәтелдер. Әдепті бала – арлы бала, әдепсіз бала – сорлы бала. Сәлем – сөз анасы.		презентация
Соңы	Әдептіліктің жеке адам өмірінде алатын орны Әдептілік қағидалары — мінез-құлық нормасы болып табылады. Ал, мінез-құлық - адам бойына сүтпен кіріп, сүйекпен шығатын қасиет. Олай болса, адамды әдептілікке жастайынан баулу керек. Әуелі адам әдептіліктің не екенін жақсы біліп, ол жайында жеткілікті түсінікке ие болуы қажет. Адам әдептілік туралы дұрыс түсінік пен білімге қанық болғанда ғана оның нормаларына бой ұсынуының қажеттілігіне көз жеткізеді. Жеке адам өмірін әдептілік қағидаларына сай калыптастыру керек-ақ. Алайда мұны дұрыс түсінбейтін адамдар да кезігіп қалады. Олар: "Жеке адамның өміріне ешкім араласпауы керек, әркім өз өмірін өзі біледі" деген пікірге жүгінеді. Яғни жеке өмірлерінде қандай да бір құқықтарының шектелгендіктерін алға тартады. Адам қоғамда қылығымен танылады. Кімнің қандай адам екені оның мінез-құлқынан білініп тұрады. Кісі сондықтан қоғамда өз орнын таба білуі үшін әуелі жеке өмірінде әдептілік қағидаларын калыптастыра алуы қажет. Әлбетте, әдептілік-инабаттылық үрдістерін бойға жақсылап сіңірген адам нағыз адам болмақ, Әдептілік атадан балаға қан арқылы берілетін нәсілдік жайт емес. Әдептілік адамның өзімен бірге өсіп-өнеді және жетіледі. Соны жетілдіре алған адам ғана әдепті бола алады. Ал, адамды жақсы ететін — әдеп.	Бейне жазбадан соң оқушылардың пікірі сұралады	презентация

Бекітілді _____

Тәрбие сағаты бойынша қысқа мерзімді жоспар

Тәрбие сағаты	«Фасфудтың зияны»	
Күні		
Класс жетекшісі:		
Класс:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы: Эпиграфтар (тақырып мазмұнын ашатын)		
Сабақтың мақсаты:	Оқушыларға «Фаст - Фуд» өнімдері туралы мәлімет беру. Оның адам ағзасына зияны, кері әсері бар екенін түсіндіру, сақ болып, дұрыс тамақтануға тәрбиелеу.	
Құндылықтарды дарыту	Ішкі құндылық	
Ресімдеу	Слайд,презентация	
Музыкалық және бейне көркемдеу	интерактивті тақта, слайд	
Үлестірмелі материалдар	мақал – мәтелдер жазылған плакаттар	
Тақырыптық көрмелер мен ақпараттық стендтер	Презентация	
Дайындыққа арналған әдебиет	Интернет материалдары	
Сабақтың барысы		

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар Сабақтың техникалық құрал-жабдықтары
Ұйымдастыру кезеңі (7 мин)	«Фаст - Фуд» өнімдері деген не? «Фаст – фуд» өнімдері: шет елден келген шырындар мен жеміс- жидектер, пастерленген сүт, Йогурт , дүкен қаймақтары, жүгері (кукуруза), сағыз түрлері, шұжық, соя, құс еті, жартылай фабрикаттар, кола, пепси, фанта сусындары, қытырлақ (кириешки). Қайдан және қашан шықты? III. Негізгі бөлім. «Фаст - Фуд» тамақтары адам денсаулығы мен жүйкесіне кері әсер етіп, бұл өнімдеріне деген тәуелділік пайда болады. Ал, артық салмақ ағзаға қосымша жүк түсіреді. Бүгінгі таңда дамыған елдердің экономикасы, негізінен фармацевтика саласына, косметология өндірісіне және «Фас - Фуд» тағамдарын шығаруға тікелей тәуелді. Бұл компанияларға бүкіл адамзаттың аш, ауру, әрі шектен тыс семіз болғаны керек. Өйткені, жүйкесі нашар семіз адам тек құлқынның қамын ойлап, қарын тойғызуды ғана біледі.	Оқушылар мұғаліммен амандасады, түгенделеді, мектеп партасындағы қатарлары бойынша орындарына отырады.	Компьютер

Сабақ басы (13 мин)	Шет елден келген шырындар Пастерленген сүт мен жеміс - жидектер Кола, Пепси Фанта т.б. Қытырлақ Сағыз түрлері Йогурт, дүкен қаймақтары Жүгері (кукуруза) Шұжық (соя) Құс еті, жартылай фабрикаттар 		презентация
Ортасы (20 мин)	Сауда орындарында сатуга шығарылған азық – түлік заттарының 80% алдын ала өңдеуден өткен нәрселер. Сондықтан да, ол бұзылмай көп уақыт тұра береді. Осылай біз соңғы 50 жылда химиялық заттармен өңделген тамақтарды ғана жеуге мәжбүр болып отырмыз. Жеңіл тұздалған селедка балығын алып қарайық. Оны ұзақ мерзімде сақтау үшін уротропин қоспасымен өңдейді. Бірақ, тамақ өнеркәсібі мамандары осындай жолмен сақталған балықтардың одан әрі де көбірек сақталуын көздеп, балықты сірке қышқылымен өңдеуді ұсынады.		презентация

Соңы	<i>Сірке қышқылына қосылған уротропин өте улы формальдегид қоспасына айналады. Бұл адам ағзасы үшін өте қауіпті зат. Ол көру, есту, дем алу мүшелеріне залал келтіріп, орталық жүйке жүйесінде зақымдау мүмкін</i> <i>Бұдан шығаратын қорытынды – шұжықтың орнына сыйыр етін жеп, табиғи сүт ішу қажет. Йогурт, бақа да айран өнімдерін шектеп, көкөніс, жеміс- жидектерді тек базардан сатып алып, қайнатылған еттің сорпасы, жеміс – жидектің сөлі, шай, су сияқты сусындарды жиі ішу – адам ағзасына пайдалы. Өйткені денсаулықтан қымбат еш нәрсе жоқ.</i>		презентация
------	--	--	-------------

Тәрбие сағаты бойынша қысқа мерзімді жоспар

Тәрбие сағаты	«Бала құқығы»	
Күні		
Класс жетекші:		
Класс:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы: Эпиграфтар (тақырып мазмұнын ашатын)		
Сабақтың мақсаты:	Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру. Ата заңымызға деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастырып, шыншыл да әділетті және парасатты тұлғаны қалыптастыру	
Құндылықтарды дарыту	Ішкі құндылық	
Ресімдеу	Слайд,презентация	
Музыкалық және бейне көркемдеу	интерактивті тақта, слайд	
Үлестірмелі материалдар	мақал – мәтелдер жазылған плакаттар	
Тақырыптық көрмелер мен ақпараттық стендтер	Презентация	
Дайындыққа арналған әдебиет	Интернет материалдары	
Сабақтың барысы		

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар Сабақтың техникалық құрал-жабдықтары
Ұйымдастыру кезеңі (7 мин)	Психологиялық тренинг. Мәтін оқылады. Көзімізді жұмған сәтте алыстан бір қараңғы үңгір көрінгендей болады. Осылайша жүріп барам, жүріп барам. Кенет сүрініп кетіп, сол үңгірге қалай түсіп кеткенімді байқамай қалыппын. Іші тас қараңғы. Аяғымның астынан сыз өтіп барады. Жан-жағыма қарайлаймын, үңгірден шыға алатындай жағдайларды қарастырып көргім келеді. Бірақ еш нәтиже жоқ. Анда-санда естілетін сылдыраған судың дыбысы құлағыма келеді. Қай жақтан шығатыны белгісіз? Тас қараңғыда жар сипалауға кірістім. Тынысым тарылып, қорқыныш сезімі билеп алғандай. Үңгірден шыққым келеді, шыққым келеді, айқайлайын десем дауысым да шықпай қалыпты. Қылмыс жасаған адам да осындай күй кешетінін сонда түсіндім. Бірақ мен ешкімге жамандық жасамаған сияқты едім. Неге тағдыр мені осыншалық сынап, мына үңгірге қамады екен. Осылайша енді маған жарық көрер күн жоқ шығар деп ойлап өмірден үмітімді үзіп келе жатқанымда кенет қолым бір домалақ тасқа тигендей болды. Итеріп келіп қалып едім үңгірдің ішінен тағы бір бөлме ашылды. Мен қуана жар сипалап жүріп сонда кірдім. Алыстан жарық көрінді. Алақай, жарық! Кін-кішкентай жарық болса да, мен жар сипалап сол	Оқушылар мұғаліммен амандасады, түгенделеді, мектеп партасындағы қатарлары бойынша орындарына отырады. -Не сездіңіз? - Қандай сезімде болдыңыз? Оқушылар пікірі тыңдалады.	Компьютер

	жарыққа қарай жанталаса жүгірдім. О, жарық дүние, неткен қымбат едің, ешкімге соқтықпай, ешкімге ұрынбай, ешкімге жамандық жасамай еркіндікте жүргенге не жетсін, шіркін!		
Сабақ басы (13 мин)	-Дұрыс айтасыңдар! Құқық бұзушылыққа, қылмыстық іске, нашақорлық жолға түскен адамдар басынан дәл осы күйді кешеді. Тығырықтан шығатын жол іздейді. Бірақ бәрі де кеш болуы мүмкін. Өйткені бүлдірген істі бүтіндеу үшін көп уақыт қажет. Ал адамға өмір бір рет беріледі. Сол өмірдің әр жылын жарық күнде, бейбіт өмірде өткізу бәріміздің міндетіміз!		презентация
Ортасы (20 мин)	Құқықтық сауаттылық - заман талабы (сұрақ-жауап) 1. Құқық деген не? (Мемлекет шығарған немесе бекіткен тәртіп ережелерінің жиынтығы) 2. Адам құқықтары мен бостандықтары туралы Декларацияны қандай ұйым қабылдады? (БҰҰ). 3. Қазақстанның әрбір азаматының ең басты құқығын ата. (әркімнің өмір сүруге құқығы бар). 4. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы заң қашан қабылданды? (2002 жылы 8-тамызда). 5. Заң бойынша бала деп кімді атайды? (18 жасқа толмаған адам). 6. Бала құқығы туралы Конвенция қашан қабылданды? (1989 жылы 20- қарашада). 7. Әлемде ең алғаш конституция қай елде жазылған? (АҚШ-та). 8. Адамның ешкім қол сұғуға болмайтын құқығы не? (Бостандық). 9. Қазақстандағы ең қымбат қазына (адам). 10. «Жеті жарғы» заң жинағының авторы (Тәуке хан).	Оқушылар сұраққа ойланып жауап береді	конверттер
Соңы	1) Ерасыл сабақта болғанда анасы оның бөлмесін жинап жүріп, қажетсіз деген заттарының бірқатарын қоқысқа лақтырып тастады. Ерасылдың қандай құқығы бұзылды? 2) Асқардың үйдегі інісін қарайтын адам болмағандықтан, оны анасы сабаққа жібермеді. Асқардың қандай құқығы бұзылды, – деп ойлайсыңдар? 3) Әсел мен Айжан дос еді. Әсел жақсы оқитын. Ал, Айжан нашарлау оқитын. Бір күні екеуі ренжісіп қалды. Әсел Айжанды екіліксің деп, – келеке етті.	«Тығырықтан шығар жол қайсы?» (ситуациялық жағдайды шешу)	презентация

	Айжанның қандай құқығы бұзылды? Балалар, жағдаят барысында қандай мәселені қозғадық?		
--	--	--	--

Бекітілді _____

Тәрбие сағаты бойынша қысқа мерзімді жоспар

Тәрбие сағаты	«Құқықбұзушылықтың алдын алу»
Күні	

Класс жетекші:		
Класс:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы: Эпиграфтар (тақырып мазмұнын ашатын)		
Сабақтың мақсаты:	1.Оқушылардың құқықтық білімін жетілдіру,құқықтық білім әр адамның ісі екенін ұғындыру; 2.Ой-өрісін дамыту, белгілі бір пікір айтуға,тұжырым жасауға үйрету, есте сақтау қабілетін жетілдіріп,сөздік қорын молайту; 3.Оқушылардың бойына құқықтық,патриоттық,адамгершілік тәрбиені сіңіру;	
Құндылықтарды дарыту	Бүгінгі күннің, қазіргі жаһандану дәуірінің, басты талабы – өркениетті қоғамға ілесе алатын ұрпақ тәрбиелеу. Әлем елдерімен қабырғасын теңестіруді меже етіп отырған елдің білімді жастары тәуелсіздікті нығайтады, ұлттық тәрбиемен сусындаған ұрпақ болашақты гүлдендіреді деген сенім мақсатымызға айналып отырғандай. Ал, оған қол жеткізудің алғы шарттарының бірі – ұлттық тәрбиеге арқа сүйеу.	
Ресімдеу	Слайд,презентация	
Музыкалық және бейне көркемдеу	интерактивті тақта, слайд	
Үлестірмелі материалдар	мақал – мәтелдер жазылған плакаттар	
Тақырыптық көрмелер мен ақпараттық стендтер	Презентация	
Дайындыққа арналған әдебиет	Интернет материалдары	
Сабақтың барысы		

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар Сабақтың техникалық құрал-жабдықтары
Ұйымдастыру кезеңі (7 мин)	Ынтымақтасу атмосферасында әр оқушы қол пішінін киіп, «Екі қолды жұмысқа жұмылдыру» әдісімен алақанды алақанға қою арқылы «Сыйлаймын» әдісі арқылы өз бойындағы жақсы қасиеттерін сыйлайды. «Тәттілер шоғы» арқылы топтасады. «Болашақ» тобы, «Парыз» тобы, «Қасиет», «Бейбітшілік» тобы болып бөлінеді, көшбасшысын сайлап, ережесін құрады. Тақырыпты интербелсенді тақтадан видеоролик көру арқылы анықтайды. Көрсетілімнен көрген оқиғаға «Мен ешқашан...» әдісі арқылы әуе шарына жабыстырып, ұшырып жібереді.	Оқушылар мұғаліммен амандасады, тәуелсіздік күнін үйренеді, мектеп партасындағы қатарлары бойынша орындарына отырады.	Компьютер, Қол пішінін тәтті қоралар мен тәттілер жиынтығы, АКТ, әуе шары, стикер, А4

Сабақ басы (13 мин)	Топтық жұмыс «Конверттегі тапсырма» әдісі арқылы топтарға конверттер үлестіріледі.Берілген тапсырманы әр топ әртүрлі әдіспен қорғап шығады. «Болашақ» тобы «Жақсылық тамшысы» әдісімен қорғайды. «Қасиет» тобы «Интервью» әдісімен сұқбат жүргізеді. «Парыз» тобы «Рөлдік ойындар» тапсырманы актерлық шеберлікпен сомдайды. «Бейбітшілік» тобы «Синектика» әдісімен заңға хат жазады.		Конверт, флипчарт, микрофон, түсті қаламдар, нит, А4 форматы
Ортасы (20 мин)	Оқушылар құқық бұзушылық дегенді қалай түсінесің?	Оқушылар пікірін білдіреді	презентация
Соңы	Мектеп бен жанұяда жақсы қасиеттерді бойға сіңіріп, тәрбиелі, мәдениетті, білімді адам болуға ұмтылуымыз керек. Қылмыстың қоғамдағы зияны мен адам тағдырын адастыратын іс екенін әрқайсымыз жете түсіндік. Олай болса құқықтық тәрбие мен құқықтық мәдениетті санаға сіңіріп, өзімізді және қасымыздағы адамдардың жеке басын қадірлеп, құрметтейік. Мектеп бен жанұяда жақсы қасиеттерді бойға сіңіріп, тәрбиелі, мәдениетті, білімді адам болуға ұмтылуымыз керек. Қылмыстың қоғамдағы зияны мен адам тағдырын адастыратын іс екенін әрқайсымыз жете түсіндік. Олай болса құқықтық тәрбие мен құқықтық мәдениетті санаға сіңіріп, өзімізді және қасымыздағы адамдардың жеке басын қадірлеп, құрметтейік.		презентация

Бекітілді _____

Тәрбие сағаты бойынша қысқа мерзімді жоспар

Тәрбие сағаты	«СПИД ғасыр дерті»	
Күні		
Класс жетекші:		
Класс:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы: Эпиграфтар (тақырып мазмұнын ашатын)		

Сабақтың мақсаты:	<i>Қатерлі дерт дегеніміз – қазіргі заманымыздың кесел ауруы екендігі оқушыларға түсіндіре отырып, есірткілердің дәуірлердің айырмашылығын, олардың аттары мен түрлерін, ауруларының белгілерін ажырата білуге үйретіп, алдын алу жолдарын қарастыру.</i>
Құндылықтарды дарыту	
Ресімдеу	<i>Слайд,презентация</i>
Музыкалық және бейне көркемдеу	<i>интерактивті тақта, слайд</i>
Үлестірмелі материалдар	<i>мақал – мәтелдер жазылған плакаттар</i>
Тақырыптық көрмелер мен ақпараттық стендтер	<i>Презентация</i>
Дайындыққа арналған әдебиет	<i>Интернет материалдары</i>
Сабақтың барысы	

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар Сабақтың техникалық құрал-жабдықтары
Ұйымдастыру кезеңі (7 мин)	<i>Адам психикасы – медицинаның өте күрделі аз зерттелген саласы, әсіресе, наркологиялық тұрғыда. Әдетте жұртшылық алкогольизм мен нашақорлықтың жеке бастың аса ауыр күйзелісінен ушығатын дерт екендігін біле бермейміз. Ең дұрысы, ондай жандарды уға, түсіне білген жөн. Нашақорлыққа салынатындардың дені жұмыссыздарды, босқындар қаңғыбастар, тағысын тағылар. Бір нашақорды емдеп, қатарға қосу үшін шамамен 1000 АҚШ доллары керек десек ондай қаражатты қалтасы көтермейтін адамдардың жағдайында не істеуге болды?</i>	<i>Оқушылар мұғаліммен амандасады, түгенделеді, мектеп партасындағы қатарлары бойынша орындарына отырады.</i>	<i>Компьютер</i>

Сабақ басы (13 мин)	Қатерлі дерт қаупі: (слайдтан көріністер көрсету) 1. СПИД-пен ауырған адамды құшақтау қауіпті. 2. Қоғамдық әжсетханада СПИД-ті жұқтыруға болады. 3. СПИД-пен ауырған мұғаліммен бір сынып бөлмесінде отыру қауіпті. 4. Тамыр арқылы дәрі қабылдайтын адамдар өзге адамдардың инесін пайдаланбау қажет. 5. Ауру адамнан қалған бутербродты жеу арқылы СПИД вирусын жұқтыру мүмкін емес. 6. Егер оқушының жарақаттануы салдарынан қан тоқтамаса, оны қолмен тоқтатпау керек. Себебі, қан арқылы да жұғады 7. Егер ауру адам сізге қарап түшкірсе, жөтелсе СПИД ауруын жұқтырады. 8. СПИД вирустан тарайды. 9. СПИД қанның қызыл түйіршіктерін зақымдайды. 10. СПИД үш жолмен тарайды: Жақын қарым - қатынас, қан арқылы, анадан іштегі нәрестеге.		презентация
Ортасы (20 мин)	«Есірткі – жас өмірді улаушы» Қазіргі нашаның көп тарағаны - героин, яғни ақ ұнтақ. Одан адам санасы тез уланады. Бірінші рет көргенде ләззат алады, сол ләззат өмір бойы іздеумен өтеді. Нашақор деген тамырға енгізеді. Ол адам ағзасын тез улайды. Одан адам қалай тез өліп кеткенін білмей де қалады. Ерте тұрып бұлақ басына Бара қой да, жуынышы сен. Суық тию, тымау-сымау басынбай Жуымайды бойыңа! Баршаға сен саулық тіле – Ауырмайсың сен сонда.		презентация
Соңы	Нашақорлықпен адам ағзасына кері әсер ететін түрлі заттардың таралуы кең етек жайды және ол тек экономикалық, саяси тәртіп мәселесі ғана емес, жас ұрпақтың денсаулығын, ұлттың болмысын жоятын жойқын қасіретке айналады десек артық айтқандық болмас.		презентация

Тәрбие сағаты бойынша қысқа мерзімді жоспар

Тәрбие сағаты	«Мұхтар Әуезовтың әлемі»	
Күні		
Класс жетекші:		
Класс:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы: Эпиграфтар (тақырып мазмұнын ашатын)		
Сабақтың мақсаты:	Мұхтар Әуезовтің өмір жолы мен жазушылық қызметінен, шығармашылығынан мағлұмат беру. Жазушының әлемдік мәдениетке қосқан үлесі туралы оқушылардың білімдерін жүйелеу.	
Құндылықтарды дарыту	Оқушылардың өзіндік ізденіс жұмыстарына баулу, ой-өрісін , рухани жан дүниесін байыту. Ойын ашық білдіру, еркін сөйлеу дағдыларын жетілдіру.	
Ресімдеу	Слайд, презентация	
Музыкалық және бейне көркемдеу	интерактивті тақта, слайд	
Үлестірмелі материалдар	мақал – мәтелдер жазылған плакаттар	
Тақырыптық көрмелер мен ақпараттық стендтер	Презентация	
Дайындыққа арналған әдебиет	Интернет материалдары	
Сабақтың барысы		

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар Сабақ техникалық құрал-жабдықтары
Ұйымдастыру кезеңі (7 мин)	Ұйымдастыру. – Балалар, көңіл-күйлерің қандай? Топтарға бөліну “Шаңырақ” әдісі арқылы (Мұғалім бір жақ ұшы біріктіріліп түйілген ленталарды ұстап тұрады, оқушылар өздеріне ұнаған түсті таңдап, лентаның екінші жақ ұшын ұстайды. Сонда шаңырақ пайда болады). – Балалар, бұл не пайда болды? (Біз барлығымыз бір шаңырақтың астында тұрмыз. Ол нені білдіреді деп ойлайсыңдар? (Ия, балалар, біз барлығымыз әртүрліміз, бірақ бір шаңырақтың астында, барлығымыздың мақсатымыз бір, барлығымыз тату, ұйымшылдықпен сабағымызды бастайық). – Жаңа сабағымызды бастамас бұрын, мына жердегі дәйексөзге көңіл аударайық: «Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді адам емес» (М. Әуезов).	Оқушылар мұғаліммен амандасады, түгенделеді, мектеп партасындағы қатарлары бойынша орындарына отырады.	Компьютер

Сабақ басы (13 мин)	Қызығушылықты ояту кезеңі – Ал қазір мына слайдқа қарап Мұхтар Әуезов туралы мәліметпен танысайық – М. Әуезов туралы мәліметті сендер толық алдыңдар деп ойлаймын. М.Әуезов туралы не білдіңдер? (Мұхтар Әуезов (1897 – 1961ж) Шығыс Қазақстан облысында Абай ауданында туды. Қазақтың ұлы ғұлама жазушысы. Ұлы Абайдан үлгі өнеге алды. Драматург. М.Әуезовтің бүкіл әлемге тараған 4 томдық роман эпопеясы «Абай жолы» деп аталады. Қосымша мәліметтер беру. Әкесі Омархан мен атасы Әуез сауатты кісілер болған. Атасы Әуез бен әжесі Дірнәсілдің тәрбиесінде болған бала Мұхтардың алғаш сауатын ашушы да атасы. Ол сол арқылы алты жасынан Абайдың өлеңдерін жаттап ауылдастарына оқып беретін дәрежеге жетеді. 1908 жылы Семейдегі Камалиддин хазірет медресесінде оқып, одан орыс мектебінің дайындық курсына ауысады. 1908-1913 жылдары Семейдегі орыс гимназиясында оқыды. 1923 жылы Ленинград университетінің филология факультетіне түседі. 1945 жылы Қазақ Ғылым академиясының тұңғыш толық мүшелерінің бірі. Жазушының шығармалары әлемнің 27 тіліне аударылды. – М.Әуезовтің қандай шығармаларын білесіңдер? («Әбілмансұр», «Бала Абай», «Әке арманы», «Боран», «Кешкі дөң басында» атты шығармаларымен таныстық).	Оқушылар мәліметпен танысады	Компьютер
Сабақтың ортасы	Әуезов қаламынан 30-дан аса драмалық шығарма туды. Жеке пьесалардың варианттарын қоссақ, 50-ден асады. Әуезов драматургиясында жанрлық формалардың бәрін қамтыған. Онда трагедия да, комедия да, драма да бар. Әуезов кейбір шығармаларын бірігіп жазған. Олар: Л. Соболев («Абай»), С. Мұқанов («Ақан - Зайра»), Ғ. Мүсірепов («Қынаптан қылыш»), Ә. Тәжібаев («Ақ қайың»), Ә. Әбішев («Намыс гвардиясы»), «Октябрь үшін» (1933) пьесасының материалдары - Жетісу қазақтарының революцияға келуі. Кейіпкерлері - Д. Фурманов, Ж. Бәрібаев. Кітаптың мұқабасында «Мұны жазуға Қ.Байсейітов, Бековтар қатысты» деген сөздер бар. «Балапандар биі» атты жаттығу жасау	Интербелсеңді тақтадағы бейнероиктегідей жаттығулар жасайды.	

Соңы	Шығармашылық Тапсырма «Абай жолы» (Сурет арқылы тақырыпты жинақтау, бағалау)	Оқушылардың мақсаты берілген сұраққа өз ойларын сурет арқылы жеткізу, суретті сипаттау	
------	--	--	--

Бекітілді _____

Тәрбие сағаты бойынша қысқа мерзімді жоспар

Тәрбие сағаты	«Ахмет Байтұрсынұлы ұлт ұстазы»	
Күні		
Класс жетекші:		
Класс:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы: Эпиграфтар (тақырып мазмұнын ашатын)		
Сабақтың мақсаты:	. А.Байтұрсыновты қазақ тіл білімінің негізін салушы, қоғам қайраткері ретінде бағалау.	
Құндылықтарды дарыту	Барлық оқушылар орындай алады: Ахмет Байтұрсыновтың тіл біліміне қосқан үлесін айқындайды.	
Ресімдеу	Слайд,презентация	
Музыкалық және бейне көркемдеу	интерактивті тақта, слайд	
Үлестірмелі материалдар	мақал – мәтелдер ,кеспе қағаздар	
Тақырыптық көрмелер мен ақпараттық стендтер	Презентация	
Дайындыққа арналған әдебиет	Интернет материалдары	
Сабақтың барысы		

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар Сабақтың техникалық құрал-жабдықтары
Ұйымдастыру кезеңі (7 мин)	Топқа бөлу. 1-топ. «Ақын». 2-топ. «Ағартушы». 3-топ. «Қоғам қайраткері» «А.Байтұрсыновтың ғылыми мұрасын тану» мақсатында видео ролик көрсету арқылы «Түртіп алу» әдісін қолданамын. 	Оқушылар мұғаліммен амандасады, түгенделеді, мектеп партасындағы қатарлары бойынша орындарына отырады.	Компьютер 

Сабақ басы (13 мин)	Оқушылардың қызығушылығын – ояту мақсатында Ахмет Байтұрсынов кім?» деген сұрақ төңірегінде ойымызды жинақтайық Ахмет Байтұрсынов Педагог Аудармашы Ағартушы Әдебиет зерттеуші		Компьютер												
Ортасы (20 мин)	<table><thead><tr><th>Жылдар</th><th>Оқиғалар</th></tr></thead><tbody><tr><td>1912жылы</td><td>Ауыл мектебінде оқыды</td></tr><tr><td>1918-1919жылдыры</td><td>Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі мектептер мен орыс-қазақ училищелерінде мұғалімдік қызмет атқарады.</td></tr><tr><td>1872 жылы 5 қыркүйекте</td><td>Патша үкіметінің саясатына наразылық білдіргені үшін Семей түрмесіне жабылып, 1910 ж. жер аударылды</td></tr><tr><td>1882-1884жж</td><td>Оқу құралы. Қазақша алифбасы Орынборда жарық көреді.</td></tr><tr><td>1895-</td><td>Алаш Орда қатарында</td></tr></tbody></table>	Жылдар	Оқиғалар	1912жылы	Ауыл мектебінде оқыды	1918-1919жылдыры	Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі мектептер мен орыс-қазақ училищелерінде мұғалімдік қызмет атқарады.	1872 жылы 5 қыркүйекте	Патша үкіметінің саясатына наразылық білдіргені үшін Семей түрмесіне жабылып, 1910 ж. жер аударылды	1882-1884жж	Оқу құралы. Қазақша алифбасы Орынборда жарық көреді.	1895-	Алаш Орда қатарында	Оқушыларға презентация көрсетіледі	Компьютер
Жылдар	Оқиғалар														
1912жылы	Ауыл мектебінде оқыды														
1918-1919жылдыры	Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі мектептер мен орыс-қазақ училищелерінде мұғалімдік қызмет атқарады.														
1872 жылы 5 қыркүйекте	Патша үкіметінің саясатына наразылық білдіргені үшін Семей түрмесіне жабылып, 1910 ж. жер аударылды														
1882-1884жж	Оқу құралы. Қазақша алифбасы Орынборда жарық көреді.														
1895-	Алаш Орда қатарында														

	1909жылы	болады.		
	1925-1929жж	Қазақ халық ағарту институтында (<i>Ташкент</i>) және ҚазПИ-де оқытушы болды		
	1937жылы тамыз айында	Ахмет Байтұрсынұлы тағы да қамауға алынып, 6 айдан соң 8 желтоқсанда «халық жауы» деп атылған		
	1909жылы	Қазіргі Қостанай облысы,Жангелді ауданы Сарытүбек ауылында дүниеге келген.		
Соңы	1.А.Байтұрсыновтың өмір сүрген жылдарын атайды 2.Ақынның алғашқы еңбегін біледі 3.А.Байтұрсыновтың қазақ әліпбиін араб тілінде жазғанын біледі		Оқушылар тәрбие сағатында өткенді қорытындылайды сұрақтарға жауап беру арқылы	

Бекітілді _____

Тәрбие сағаты бойынша қысқа мерзімді жоспар

Тәрбие сағаты	Роза Бағланованың 100 жылдығы	
Күні		
Класс жетекші:		
Класс:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы: Эпиграфтар (тақырып мазмұнын ашатын)		
Сабақтың мақсаты:	оқушыларды пәнге деген қызығушылығын арттыру. Музыка тыңдау, оны талдауға баулу, музыка характерін, мазмұнын салыстыра отырып, талдауға үйрету.	
Құндылықтарды дарыту	әнді сезіммен орындауға үйрету, ән айту ережелерін сақтауға үйрету	
Ресімдеу	Слайд,презентация	
Музыкалық және бейне көркемдеу	интерактивті тақта, слайд	
Үлестірмелі материалдар	мақал – мәтелдер жазылған плакаттар,	
Тақырыптық көрмелер мен ақпараттық стендтер	Презентация	
Дайындыққа арналған әдебиет	Интернет материалдары	
Сабақтың барысы		

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар Сабақтың техникалық құрал-жабдықтар
Ұйымдастыру кезеңі (7 мин)	<i>Қазақтың эстрада жанрын қалыптастыруда халықтың ыстық ықыласына бөленіп, биік бағасын алған, әндерін әрбір халық баласы шырқай кететін әйгілі композитор Шәмиі Қалдаяқов болды. Ал Шәмиінің көптеген</i>	<i>Оқушылар мұғаліммен амандасады,түгенделеді, мектеп партасындағы қатарлары бойынша орындарына отырады.</i>	<i>Компьютер</i>

	әндерін елге танымал еткен Роза Бағланова еді. Қазақ эстрадасының көшін бастаушы Роза Бағланова деп аса мақтанышпен айта аламыз. Роза Бағланова көптеген жаңа заман әндерін алғаш рет ел арасына таратып, жаңа буын әншілердің шығуына зор ықпалын тигізді. Ол осындай қажырлы еңбегі үшін «Халық қаһарманы» атағына ие болды.		
Сабақ басы (13 мин)	Әнші Роза Бағланова туралы видеоролик <u>көрсетіледі</u> Оқушылар негізгі тақырыппен танысады  Бағланова Роза Тәжібайқызы	«Әлемді шарлау» әдісі арқылы түсіндіріледі	Компьютер
Ортасы (20 мин)	1Қазақстан және КСРО халық әртісі. 1922 жылдың 1-қаңтарында Қызылорда облысының Қазалы қаласында туған. 1939-1941 жж. Қызылорда педагогика институтында оқыды. 1941-1949 жж. Ташкент филармониясындағы мемлекеттік әйелдер ән-би ансамблінде әнші-солистік қызмет атқарды. Сол ансамбльмен Ұлы Отан Соғысы жылдары майданда өнер көрсетіп, 1945 ж. 9 мамырда Берлиндегі жеңіс концертіне қатысқан.	Жалпыға арналған тапсырма: Оқушылар тақырып аясында сұрақтар құрастырады. Сұрақтар тақтаға ілінеді. Оқушылар бір-бірінің сұрақтарына жауап береді	Компьютер

Соңы	Топпен жұмыс 1-топ. Роза Бағланова апамыз жайында не білесіңдер? 2-топ. Әнші мамандығы қандай мамандық? 3-топ. Қай елдерге гастрольдік сапарда болған?	Оқушылар кестемен жұмыс жасайды	компьютер
------	--	---------------------------------	-----------

Бекітілді _____

Тәрбие сағаты бойынша қысқа мерзімді жоспар

Тәрбие сағаты	«Қазыбек бидің 355 жылдығы»	
Күні		
Класс жетекші:		
Класс:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы: Эпиграфтар (тақырып мазмұнын ашатын)		
